



2023 - 2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН

ҚАЗАН АЙЫНЫҢ

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Топ: «Түймедақ» ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жастан

Тәрбиешісі: Джумабаева Гүлбану

Жоспардың құрылу кезеңі: **02.10 - 06.10.2023ж.**

| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|--|--|---|--|---|--|
| Балаларды қабылдау | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту) | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу | Әңгімелесу: "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және одан алып қайтуға кезіндегі әрекеттері", "Балаға қоршаған ортадағы заттардың атауын атап айтқызу және сол заттар туралы сұрақтарды қою ерекшеліктері". | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға қуыршақ киімдері мен төсек жабдықтарын жуу кезінде педагогке көмектесуді үйрету: балаларды жұмысқа кірісу алдында жұмыс алжапқыштарын киюді үйрету; жууға және кептіруге қажетті керек-жарактарды, сондай-ақ жұмыс орнын дайындау, сабынды қолдана білу іскерліктерін дамыту. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды тарақтарды тазарту жұмыстарында педагогке көмектесуді үйрету: суланған тарақтарды шаю, оларды щеткалармен тазалау. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балалардың еңбекке дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуге іскерліктерін дамыту. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды таза, ұқыпты болуға, дербес әрекеттерін жетілдіре түсуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды топ бөлмесіндегі реттілікті сақтауды үйрету: үстел, орындықтардың, сөрелердің шаңын сүрту. Ойнап болған соң ойыншықтарын орын-орнына жинауға тәрбиелеу. |
| | ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Үй құрылысының ретін көрсет" дидактикалық ойыны. | "Қай жерде шырылдады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау; алдын ала дайындық жұмысы: қоңыраушаны дайындайды. (музыка) | "Күз" мезгіліне байланысты сюжетті суреттер көрсету. Мақсат-міндеттері. Тақырыпқа байланысты сұрақтар қою. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап ету. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Қадыр Мырза Әлидің "Сары" | "Орманшы" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың кейбір ағаштар мен бұталардың (діні, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы білімдерін бекіту. | "Қуыршақты серуенге даярлайық" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың киім-кешек және киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік қорларын байыту және толықтыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) |

| | | | | | |
|--------------------|--|---|--|--|--|
| | <p>Мақсат-міндеттері. Түстерді ажыратуды жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процестерін дамыту. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Айырмашылықты тап" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттер: ұқсас жұп заттарды, суреттерді салыстырып, олардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу қабілеттерін, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту.</p> <p>Барысы. Салыстыруға бірінші зат немесе сурет балаларға біраз уақыт көрсетеді. Содан кейін екінші зат не суретке көңіл аударылады. Басты міндет - заттардың не суреттердің несімен ұқсамайтынын айту. (танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)</p> | <p>Үстел үсті ойындары: "Басқатырғыш", "Құрастырғыш".</p> <p>Мақсат-міндеттері: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (танымдық дағдылар, құрастыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Қай қолымда көп?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттығады; ойлау қабілеттері дамыту. (сөйлеуді дамыту, танымдық іс-әрекет)</p> | <p>атты тақпағын жаттау. Сәлем беріп, Сән көріп, Сүйгенінді ал, Бәрін ал!</p> <p>Сары шабдал, Сары өрік, Сары ірімшік, Сары бал. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Танып ал да, атын ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттығады; сөздік қорын молаяды; ойлау қабілеті дамиды. (сөйлеуді дамыту, танымдық іс-әрекет)</p> | <p>Барысы: педагог бір баланы "орманшы" етіп таңдайды, қалған балалар орманшының көмекшілері болады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> <p>"Дәл осындай гүлді тап" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттегі кескінге ұқсас заттарды табуға жаттығу, зейінділікке тәрбиелеу, балалардың сөйлеу тілін қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>""Жапырағына қарай ажырат"" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру; сөздік қорын толықтыру, есту, қабылдау қабілетін дамыту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)"</p> | <p>"Қуыршақ қонаққа барады" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруды жаттықтыру. (танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Көп және біреу" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: көп және біреу қатынастарын біледі; заттардың тең, тең емес топтарын салыстырады. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</p> |
| Ертеңгілік жаттығу | <p>(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі) (орамалмен)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. <ol style="list-style-type: none"> 1.1. Балалар орамалдарымен беттерін жауып, "тауып ал" дейді. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. <ol style="list-style-type: none"> 2.1. Оңға бұрылу, қолдарын созу, орамалдарын умаждап "жуамыз" дейді. 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, орамалдар тізе үстінде. <ol style="list-style-type: none"> 3.1. Жерге шалқасынан жатып, орамалдармен беттерін жауып "ұйықтайық" дейді. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|--|---|--|
| | <p>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Орамалдарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). (дербес әрекет, дене шынықтыру)</p> | | | | |
| Таңғы ас | <p>"Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балаларға тамақты кішкене бөліктерге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемейу. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Кесе, шыны, пияла. Оларсыз шай құя ма? Қасықсыз тамақ жемейді, Бәрінің атын не дейді? Өлең жолдарын оқу арқылы, балалардың тәбетін ашу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)</p> | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | <p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз. (коммуникативтік дағдылар, сөйлеуді дамыту)</p> | <p>"Қай қолымда көп?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Аз және көп заттарды ажыратуды, салыстыруды жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту. (танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)</p> | <p>"Көп және біреу" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Көп және біреу қатынастарын білуді үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру. (танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)</p> | <p>"Суреттерді орналастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауды дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. (танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)</p> | <p>"Танып ал да, атын ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттың түр-түсін, пішінін, атын атауды жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. (коммуникативтік дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | <p>Дене шынықтыру "Домалайды алмалар". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі сап түзеп аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы</p> | <p>Дене шынықтыру "Допты домалатайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілеттерін дамыту; тұрған заттың басына доп тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен</p> | <p>Музыка "Жапырақтар сарғайды" Мақсат-міндеттер. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын қалыптастыру; дыбысты есту және қабылдау қабілетін</p> | <p>Дене шынықтыру "Домалайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды тұрған заттың басына доп тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату іскерліктерін бекіту, ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау.</p> | <p>Қазақ тілі "Не, қайда өседі?" Көгөністер мен жемістер. Түстер әлемі." Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін тыңдауды, көгөністер мен жемістердің атауларын есте сақтауды және оларды бір-бірінен ажырата білуді, көгөністер мен жемістерге тән түстерді атауға жаттықтыру. "Көгөністер мен жемістер" дидактикалық ойыны.</p> |

| | | | | | |
|-------------------|---|---|---|---|--|
| | жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату дағдысын үйрету. | қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату іскерліктерін жетілдіру. | дамыту. Балаларды адамгершілік қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамы мен оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру. | | "Көгөністер мен жемістер" сергіту сәті. "Қандай түсті?" дамытушылық ойыны. |
| 2- таңғы ас | "Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балаларға тамақты кішкене бөліктерге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Кесе, шыны, пияла Оларсыз шай құя ма? Қасықсыз тамақ жемейді, Бәрінің атын не дейді? Өлең жолдарын оқу арқылы, балалардың тәбетін ашу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау) | | | | |
| Серуенге дайындық | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалаушы арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуен | Теректі бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Бақылау барысында теректің құрылымының ерекшеліктерімен таныстыру. Тақпақ. Жақсылықты қолдаймыз, Табиғатты қорғаймыз. Терек егеміз бақтарға, Айналасын қоршаймыз. - Балалар, бұл терек ағашы. Терек ағашына жақындау. - Терек - жылдам өсетін ағаш. Ерте көктемде жапырағы шықпай тұрып, сырға секілді ақ гүл жарады. Жапырағы жұмыртқа пішіндес, жиектері аратісті. Жапырақтары гүлдеген кезде терек жасыл қалпақ | Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру. Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады. Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температурада болу мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су жазда қызады, адамдар шомылуға барады. | Күнді бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру, күннің шығуын қадағалауды жалғастыру. Күннің сәулесі туралы айту. Тақпақ. Алақай, алақай! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты! "Көк ту" ойыны. Мақсат-міндеттері. Достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады. Басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек. Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына | Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Судың қасиеттері туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға қызығушылықты арттыру. Іс-тәжірибеде: құйылатыны, төгілетіні, ыдыста, шалшықта қозғалмай тұратынын анықтау. Салқын, жылы, ыстықта кеуіп кетеді дегенді айтқызу. Іс-тәжірибеде судың адамның, өсімдіктердің тіршілігіне ықпалына көңіл аудару. Гүлзарды суару, таза ас суын ішкізу. Іс-тәжірибеде суды асфальтқа төгіп, күннің | Жаңбырлы күн туралы сөйлесу (немесе бақылау). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды табиғат құбылыстарын сезіне білуге баулу; табиғи құбылыстары туралы білімді бекіту; жаңбырлы күні қажет заттарды еске түсіру. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Балалар алаңның бір шетінде тұрады. Тәрбиеші: "Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады," – дейді. Балалар алаңда жүгіріп жүр. "Жаңбыр! Тез-тез үйге жүріңдер!" - деген белгіні естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: "Күн шықты! |

| | | | | | |
|--|---|---|---|---|---|
| | <p>киген сияқты, жазда теректен мамық ұшады. Ағаштың жапырақтарымен бірге бұтақтар тәж деп аталады. Терек ауаны жақсы тазартады, ағаштың тамыры жерден ылғал алады, ол көп жылу береді. Терек ағашы жұмсақ, жеңіл болады, одан қағаз бен сіріңке, ойыншықтар жасайды. Еңбек әрекеті: терек жапырақтарын жинау, балаларды еңбек нәтижесіне өз үлестерін қосуды үйрету. "Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуды және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру. Құралдар: таратпалы таңбалауыштар (гүлдер мен аралар). "Допты ұстап ал" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту; доппен ойындарға қызығушылықты арттыру. Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар. Мақсат-міндеттері. Допты қағып алу және лақтыру жаттығулары. Балалардың еркін ойыны.</p> | <p>Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету. Үлкен балалармен суға қандай заттар батып жатқанын, қайсы батпайтынын анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау. Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс. "Толқиды теңіз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу. Балалар ойын алаңында айналып жүріп: Толқиды теңіз бір, Толқиды теңіз екі, Толқиды теңіз үш, Толқиды теңіз төрт. Тәрбиеші белгісі бойынша: "Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек. "Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу;</p> | <p>қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады. Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді. Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді. "Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды кегли арасымен баяу және ептілікпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кеглилер. Еңбек әрекеті: алаңдағы ағаштардан түскен құрғақ бұтақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойыны.</p> | <p>көзінде кебуін бақылату. Балаларға "кеуіп кетеді" дегенді айтқызу. Еңбек әрекеті: гүлзарда өскен гүлдерді суару. Мақсат-міндеттері. Балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: су құйғыштар. "Ақсүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды қырағылыққа, дәлдікке үйрету. Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақсүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақсүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ақсүйекті іздеңдер, кім жылдам табар екен? - дейді. Ойынның шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларына білдірмей, тәрбиешіге әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп,</p> | <p>Барындар, серуендеңдер", – дейді, ойын қайта басталады. "Қапты көлденең нысанаға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Дәлдікке, ептілікке бейімдеу, бір қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру. Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар. Еңбек әрекеті: бақшадағы көгөністерді суару. Мақсат-міндеттері. Су құйғышпен әрекет етуге машықтандыру, қамқорлыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.</p> |
|--|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|-----------------|--|---|--|--|--|
| | <p>Максат-міндеттері. Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауды үйрету.</p> | <p>вестибуляр аппараттарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Өткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. Балалардың еркін ойыны. Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауды үйрету.</p> | | <p>ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Өз бетінше ойынды ұйымдастыруды дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындау. Еңбек әрекеті: гүлді күту. Максат-міндеттері. Учаскеде өсетін өсімдіктерді өз бетінше қорғауды үйрету; гүлге ұқыпты қарауды және сүюді тәрбиелеу. "Осындай бола ма, болмай ма?" ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Сұраққа жауап беруді және жауабын түсіндіруді үйрету. - Балалар, жазда қар жауа ма? Күн шығып тұр ма, жаңбыр жауып тұр ма? Қараңғы және жарық жерде өсіп тұрған өсімдіктерді қадағалау, күнге тартылатын өсімдіктер қозғалысына көңіл бөлу. Өсімдіктер өсу үшін жарық қажет. Балалардың еркін ойыны.</p> | |
| Серуеннен оралу | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Түскі ас | "Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балаларға тамақты кішкене бөліктерге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Максат-міндеттері. өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. | | | | |

| | | | | | |
|--|--|--|--|---|---|
| | <p>Кесе, шыны, пияла Оларсыз шай құя ма? Қасықсыз тамақ жемейді, Бәрінің атын не дейді? Өлең жолдарын оқу арқылы балалардың тәбетін ашу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)</p> | | | | |
| Түскі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Алтын жұмыртқа» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет) | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Үш аю» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет) | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. «Қоянның үйшігі» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет) |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | <p>Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп-түсіру. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p> | | | | |
| Бесін ас | <p>"Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балаларға тамақты кішкене бөліктерге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Кесе, шыны, пияла Оларсыз шай құя ма? Қасықсыз тамақ жемейді, Бәрінің атын не дейді? Өлең жолдарын оқу арқылы балалардың тәбетін ашу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)</p> | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. Қызыл сары, сап-сары.. атты тақпақты жаттау. Дауысты [ұ], [ү] дыбыстары. Мақсат-міндеттері. Балаларға күзгі құбылыстың бірі, жапырақтардың түсуі жөнінде мағлұмат беру, ересектің соңынан күз туралы көркем сөзді қайталап, жаттауды үйрету. "Торғайлар мен қарғалар" | Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Сан алуан жапырақтар". Мақсат-міндеттері. Балалардың "көп", "біреу", "бірде-біреуі жоқ" деген ұғымдарды ажырату дағдыларын жетілдіру; заттарды бір қатарға, реті бойынша, бір бағытта солдан оңға қарай оң қолымен орналастыру дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшері, зейінді, есте сақтау қабілетін, жағымды | Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу. "Аула сыпырушы". Мақсат-міндеттері. Балаларды аула сыпырушының жұмысымен таныстыру; аула сыпырушының атқаратын жұмысының ерекшелігі мен еңбек нәтижесінің маңызы туралы түсініктерін кеңейту. Дидактикалық ойын. "Аула сыпырушының құралдарын тап". Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушының құралдарын тауып, құралдың атауын атауды үйрету. | Құрастырудан ойын-жаттығу. "Сары жапырақтар жерге түсті". Мақсат-міндеттері. Балаларды құрастыруға икемді қағазды жұмарлау, бүктемелеу, жыртып алу амалдарымен, қасиеттерімен таныстыру; қағазды жыртып алып, қолдағы кескінді белгілі пішінге, жапыраққа, ұқсатуды үйрету; күз мезгілі жөнінде ұғымдарды | Сурет салудан ойын-жаттығу. "Саябаққа күз келді". Мақсат-міндеттері. Балаларды қылқалам арқылы ағаштарда өскен және ағаштардан жерге түсіп, жерде жатқан сары жапырақтарды салуды үйрету; күз мезгілі туралы, жапырақтардың сарғайып, түскені жөнінде түсініктерін кеңейту. Саусақ жаттығуы. "Жапырақтар ұшты". Қолдар – жапырақ екен, (алақандарды жайып, саусақтарды тікелейтіп, ары-бері айналдыру) Бұтада отыр екен. (саусақтарды жұдырықтарға қысып алу) Жел соғып жұлып алса, |

| | | | | |
|--|---|--|--|--|
| <p>театрландырылған ойын. Мақсат-міндеттері. зейінді, төзімділікті, ептілікті дамыту. Барысы: балалар екі топқа бөлінеді: "Торғайлар" және "Қарғалар"; содан кейін бір-біріне арқаларымен екі қатарда тұрады. Педагог атаған топ ұстап алады; аты аталмаған топ "үйлерге" қашады (орындықтарда немесе белгілі бір сызққа дейін). Педагог баяу сөйлейді: «Қар... - ға ... - лар...». Осы сәтте екі топ қашып кетуге дайын болады. Қарапайым нұсқа: педагог атаған топ қол шапалақтайды, ал екінші топ орындарында қалады. (көркем әдебиет)</p> <p>«Кімнің дауысы?» ойыны Мақсат-міндеттер. Достыққа, ұйымшыл болуға үйренеді. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</p> | <p>эмоцияларды дамыту.</p> <p>"Ұшады ұшпайды, өседі өспейді" театрландырылған ойын. Мақсат-міндеттері. Балалардың танымдық қабілетін дамыту. Барысы: педагог затты атайды, егер ол ұшса, балалар қолдарымен қанат қағуды көрсетеді; егер ол ұшпаса, олар қолдарын тізеге қояды. Егер ол өссе, олар қолдарын жоғары көтереді, егер өспесе, олар қолмен жабады. (көркем әдебиет)</p> <p>Вариативті компонент/Әлеумет "Жеміс-көгөніс дүкені" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды жемістер мен көгөністер дүкеніндегі сатушының қызметімен таныстыру; жемістер мен көгөністердің атауларын жатқа айта білу қабілетін қалыптастыру; жемістер мен көгөністерді пайдаланар алдында тазалық ережелерін сақтауды үйрету; сатушы және тауар сатып алушы қарым-қатынасының ерекшеліктерін, теңге туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p>"Сатушыға не керек?" ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттері.</p> | <p>"Күлкілі маймылдар" театрландырылған ойын. Мақсат-міндеттері. Зейінді, бақылауды, реакция жылдамдығын дамыту. Барысы: балалар шашыраңқы тұрады (маймылдар). Олардың алдында бала - хайуанаттар бағына келуші, ол әртүрлі қимылдар мен қимылдарды орындайды. "Маймылдар" баланың іс-әрекеттерін қайталайды. (көркем әдебиет)</p> | <p>кеңейту, жапырақтардың сарғайып түсуі жөніндегі түсініктерді анықтау. Құрылыс нәтижесімен ойнату. Мақсат-міндеттері. Күзгі жапырақтарды ағаш бұталарына жапсыру, тиянақтылыққа, ұқыптылыққа баулу. (жапсыру)</p> <p>"Әлемге саяхат" театрландырылған ойын. Мақсат-міндеттері. Өз мінез-құлқын ақтай білу, сенімі мен қиялын дамыту, балалардың білімін дамыту. Барысы: балаларға әлемді саяхаттау ұсынылады. Олар өздерінің жолдары қайда жатқанын анықтауы керек (шөл даламен, тау соқпағымен, батпақпен, орман, джунгли, кемемен мұхиттың арғы жағына. Мінез-құлқын соған сәйкес өзгертуі керек. (көркем әдебиет)</p> | <p>(алақандарды ашу) Ұшады жеке-жеке. (саусақтармен еркін қимылдау) (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Түстер туралы ертегі" оқып беру. Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөзді мұқият тындап, мазмұнын дұрыс түсінуге баулу. Ерте, ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде қызыл, сары, көк бояулар өмір сүріпті. Олар өте тату-тәтті болыпты. Күндердің күндері олар қызықты оқиғаларға тап болады. Бір күні қызыл түс сары түске қонаққа келеді. Бір мезетте үй ішіндегі шам сөніп қалады. Түстер бір-бірімен соқтығысып жүргенде тағы бір түс пайда болады. Ол Қызғылт сары түс екен. Жаңбыр жауып тұрған кезде болған оқиға Көк бояу мен кіші қарындасы Сары бояу жаңбырдан қорқып, емен ағашының астына тығылады. Жаңбыр қатты жауғаннан бояулары езіле бастайды, олардың бояулары араласқан кезде Жасыл бояу пайда болады. Ары қарай мынандай жағдай болды. Көк түс өзінің қуанышын бөлісейін деп осы қуанышымен Қызыл бояумен бөліспек болып, Қызыл бояуды құшақтап алғанда Күлгін түс пайда болады. Солай осы өмірге жаңадан Қызыл сары, Жасыл, Күлгін түстер пайда болған екен. Барлық бояулар қол ұстасып, үлкен шеңбер жасайды. Осыдан кемпірқосақ пайда болады. (көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)</p> <p>"Түрлі-түсті моншақтар" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Негізгі түстер (көк, қызыл, сары, жасыл) туралы білімдерін нығайту. Қолдың ұсақ</p> |
|--|---|--|--|--|

| | | | | | |
|-----------------------|--|--|---|--|---|
| | | Сатушыға қажет құралдардың атауларын пысықтау. | | | моторикасын дамыту. Түрлі түсті моншақтарды алақанмен домалақтау, ермексаздан үзіп алу, есуді үйрету. (мүсіндеу) |
| Балалармен жеке жұмыс | Теректі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Бақылау барысында теректің құрылымының ерекшеліктерімен таныстыру. Такпақ. Жақсылықты қолдаймыз, Табиғатты қорғаймыз. Терек егіміз бақтарға, Айналасын қоршаймыз. - Балалар, бұл терек ағашы. Терек ағашына жақындау. - Терек - тез өсетін ағаш. Ерте көктемде жапырағы шықпай тұрып, сырға секілді ақ гүл жарады. Жапырағы жұмыртқа пішіндес, жиектері аратісті. Жапырақтары гүлдеген кезде терек жасыл қалпақ киген сияқты, жазда теректен мамық ұшады. Ағаштың жапырақтарымен бірге бұтақтар тәж деп аталады. Терек ауаны жақсы тазартады, ағаштың тамыры жерден ылғал алады, ол көп жылу береді. Терек ағашы жұмсақ, жеңі болады, одан қағаз бен сіріңке, ойыншықтар жасайды. Еңбек әрекеті: терек | Суды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру. Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады. Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температураға ие болу мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су жазда қызады. Адамдар суға шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың жылдам кебетінін көрсету. Үлкен балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсы батпайтынын анықтау. Оның себептерін анықтау. Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). Мақсат-міндеттері. | Күнді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру, күннің шығуын қадағалауды жалғастыру. Күннің сәулесі туралы айту. Такпақ. Алақай, алақай! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты! "Көк ту" ойыны. Мақсат-міндеттері. Достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады. Басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек. Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады. Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді. Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Олар туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді. "Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) | Суды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Судың қасиеттері туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға қызығушылықты арттыру. Іс-тәжірибеде: құйылатыны, төгілетіні, ыдыста, шалшықта қозғалмай тұратынын анықтау. Салқын, жылы, ыстықта кеуіп кетеді дегенді айтқызу. Іс-тәжірибеде судың адамның, өсімдіктердің тіршілігіне ықпалына көңіл аудару. Гүлзарды суару, таза ас суын ішкізу. Іс-тәжірибеде суды асфальтқа төгіп, күннің көзінде кебуін бақылату. Балаларға "кеуіп кетеді" дегенді айтқызу. Еңбек әрекеті: гүлзарда өскен гүлдерді суару. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: су құйғыштар. "Ақсүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене | Жаңбырлы ауа райы туралы сөйлесуді (немесе бақылауды) жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды табиғат құбылыстарын сезінуді үйрету; табиғи құбылыстары туралы білімді бекіту; жаңбырлы күні қажет заттарды еске түсіру. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Балалар алаңның бір шетінде тұрады. Тәрбиеші: "Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады," – дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. "Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!" - деген белгіні естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: "Күн шықты! Барыңдар, серуендендер," – дейді, ойын қайта басталады. "Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Дәлдікке, ептілікке бейімдеу, бір қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру. Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар. Еңбек әрекеті: бақшадағы көгөністерді суару. |

| | | | | | |
|--|--|---|---|--|---|
| | <p>жапырақтарын жинау, балаларды еңбек нәтижесіне өз үлестерін қосуды үйрету. "Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру. Құралдар: таратпалы таңбалауыштар: гүлдер мен аралар. "Допты ұстап ал" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту; доппен ойындарға қызығушылықты арттыру. Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар. Мақсат-міндеттері. Допты қағып алу және лақтыру жаттығулары. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауды үйрету.</p> | <p>Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясы болуын ескеру керек. "Толқиды теңіз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу. Балалар ойын алаңында айналып жүріп: Толқиды теңіз бір, Толқиды теңіз екі, Толқиды теңіз үш, Толқиды теңіз төрт». Тәрбиеші белгісі бойынша: "Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек. "Өткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппараттарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Өткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін,</p> | <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды кегли арасымен баяу және ептілікпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппараттарын дамыту. Құралдар: кеглилер. Еңбек әрекеті: алаңдағы ағаштардан түскен құрғақ бұтақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойыны.</p> | <p>шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды қырағылыққа, дәлдікке үйрету. Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақсүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақсүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ақсүйекті іздендер, кім жылдам табар екен? - дейді. Ойынның шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларына білдірмей, тәрбиешіге әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақсүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Өз бетінше ойынды ұйымдастыруды дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындау. Еңбек әрекеті: гүлді күту. Мақсат-міндеттер: учаскеде өсетін</p> | <p>Мақсат-міндеттері. Су құйғышпен әрекет етуге машықтандыру, қамқорлыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.</p> |
|--|--|---|---|--|---|

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|
| | | балаларды бір жаққа бұрып, шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. Балалардың еркін ойыны. Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауды үйрету. | | өсімдіктерді өз бетінше қорғауға үйрету; гүлге ұқыпты қарауға және сүюге тәрбиелеу. "Осындай бола ма, болмай ма?" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Сұраққа жауап беруді және жауабын түсіндіруді үйрету. | |
| Серуенге дайындық | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуен | Серуенге қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Шарларды домалату", "Допты қақпаға түсіру" (3-4 рет ойнатылады). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуеннен оралу | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Кешкі ас | "Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балаларға тамақты кішкене бөліктерге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Кесе, шыны, пияла Оларсыз шай құя ма? Қасықсыз тамақ жемейді, Бәрінің атын не дейді? Өлең жолдарын оқу арқылы балалардың тәбетін ашу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау) | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Музыкалық аспаптармен ойындар. Аспаптармен таныстыру. Ұлттық құндылықтарды дамыту үшін күйлерді тыңдату. (шығармашылық дағдылар, музыка) Өнер бұрышында балалардың қалаулары бойынша жұмыстарды беру. (шығармашылық дағдылар, мүсіндеу, жапсыру) Еркін рөлдік ойындар. | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) | Жаднама: "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?" | "Немерелерді тәрбиелеуге арналған бірнеше кеңестер" қабырға газеті. | "Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу. | Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы". | Ата-аналарға кеңес. "Демалысты пайдалы өткізу" |

09.10 - 13.10.2023ж.

| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|--|--|--|--|--|--|
| Балаларды қабылдау | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту) | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу | Әңгімелесу: "Ата-ананың баланың балабақшадағы өткен тақырыптары туралы хабардар болуының маңызы", "Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміске немесе көгөніске аллергиясы бар?" | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне қажетті оқу құралдарын тарату және орындарына жинау іскерліктерін дамыту. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды тамақ ішерде табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктерін жетілдіру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қоюға тәрбиелеу. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балалардың балабақшадағы ойын бұрышындағы кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға белгіленген тәртіп бойынша киініп-шешіну дағдыларын меңгерту. |
| | ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Сиқырлы қапшық" дидактикалық ойыны Мақсат-міндеттері. Балаларды заттарды қолмен ұстап, сипап-сезу қабілетін дамыту. Тәрбиеші балалардың ортасына "Сиқырлы қапшық" әкеледі. | "Лото" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жеміс-жидек, көгөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс айтулары. Ойын шарты: көгөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді – гүлзарларға орналастыру. Үш үлкен карточкада: бақша, бау, гүлзар | Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Аманбысың, алтын күн! Аманбысың, жарқын күн! Маған жылу, жарық бер, Қуаныш пен шаттық бер. (сөйлеуді дамыту) | "Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; көркем сөз үлгілеріне, ересектің еңбегіне қызығушылықты арттыру. М. Әлімқұлов "Аспаз". Біздің гүл бақшада, Бар әсем асхана. Бар онда аспазшы, Ақкөңіл жақсы аға. | "Күз" мезгілі туралы әңгімелесу. "Күз" мезгіліне байланысты сюжетті суреттерді көру. Педагогтің қойған сұрақтарына толық жауап беру. (сөйлеуді дамыту) "Тәулік бөліктері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауды, ажыратуды жаттықтыру. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту) Сөздік ойын: «Қатты-ақырын- |

| | | | | | |
|---------------------------|---|--|--|---|--|
| | <p>Қапшыққа жемістер мен көгөністер салынған. Балалардың арасынан бір баланы таңдап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын "сиқырлы қапшыққа" салып, кез келген затты таңдап алып, қолын "сиқырлы қапшықтан" шығармаған бойы сол заттың сын-сипатын айтады. Түрін, түсін, дәмін барлығын сипаттап айтып береді. Қалтадан қолын шығарып, затты көрсетеді. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> <p>"Түрлі-түсті жолақтар" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>бейнеленген. Көлімдері 8×8см карточкалар және көгөністер, жемістер, гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар. (танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Суреттерді орналастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)</p> <p>Тыныс алу жаттығуы «Құс мамығын үрле» Мақсат-міндеттер. Балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету.</p> | <p>"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> | <p>Әлде, май құймақ па? Көже ме, сорпа ма? Әлде, бал қаймақ па, Тұрады ортада. Тәп-тәтті тамағы, Ағай – ас маманы. Пісіре білгенге, Астың жоқ маманы. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>"Бір сөзбен ата" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністер мен жемістерді жалпылауды және оларды бір сөзбен атауды үйрету. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Зертеу іс-әрекеті Мақсат-міндеттер: Қолдан слайм жасау арқылы зертеу жүргізеді.</p> | <p>сыбырлап» Мақсат-міндеттер: Балаларға қатты,сыбырлап, ақырын сөйлеуге үйрету.</p> <p>Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Соқыртеке» ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға кеңістікті бағдарлау, шапшаң қимылдауға, бір-біріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа, ойын ережелерін сақтап, ойынды әділ ойнауға тәрбиелеу. Шарты. Балалар ортаға шеңбер құрып тұрады. Топ ішінен бір баланың көзі байланады. Балалар: «Бота, бұзау, козы, лақ, Қайда кеткен құлыншақ. Соқыртеке бақ-бақ, Мені ізден тап, тап!» - деп, өлеңмен айтады. Содан кейін Соқыртеке (көзі байлаулы бала) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп, ақырын түртіп қалып, жан-жаққа қаша жөнеледі. Соқыртеке ұстап алған баланың көзі байланады, енді «соқыртеке» рөлін сол ойнайды. Ойын осылай жалғаса береді.</p> |
| <p>Ертеңгілік жаттығу</p> | <p>Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде <ol style="list-style-type: none"> 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталаанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында <ol style="list-style-type: none"> 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне! " "Міне!" дейді; 2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталаанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде <ol style="list-style-type: none"> 3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді; 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталаанады). | | | | |

| | | | | | |
|---|--|---|--|---|--|
| | <p>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында.</p> <p>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру, дербес әрекет)</p> | | | | |
| Таңғы ас | <p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.</p> <p>Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз! Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз! Балалар рақмет айтады, тамақтануға кіріседі. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)</p> | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | <p>"Қандай шырын?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жемістерді ажырату және атау қабілетін жетілдіру, сын есімдерді құруды үйрету, ауызша сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды дамыту. Барысы: балалар себеттен суреттерді кезекпен алады, суреттегі жемістерді атайды және осы жемістен алынған шырын қалай аталатынын айтады. Мысалы: "Бұл алма - алма шырыны". (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>"Жапырақ қай ағаштан шыққан?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Ағаштарды діндері мен жапырақтары бойынша ажырату қабілетін жетілдіру, зейінін, байқағыштығын, есте сақтауын, қиялын дамыту. Барысы: балалардың алдында жапырақтардың суреттері тұрады. Балалар әр жапырақтың қай ағаштан екенін табады және сол ағаштың үстіне(бетіне) жапсырып қояды. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>"Күз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Күз мезгілі туралы білімдерін кеңейту; тақырып бойынша сөздік қорларын молайту. Барысы: үстелде әртүрлі маусымдық құбылыстардың аралас суреттер (қар жауады, гүлденген шалғын, күзгі орман, құстар және тағы басқа) қойылған. Бала күзгі құбылыстарды ғана бейнелейтін суреттерді таңдайды және оларды атайды. Мысалы: күн бұлттың артына жасырынып жатыр, жаңбыр жауып тұр және тағы басқа. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>"Күзгі жапырақтар" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Сөздікті "күз", "ағаштар" сөздерімен толықтыру; есімдерді дұрыс қолдануды үйрету. Барысы: баланың алдында үлкен карточкалар бар. Кішкентайлары жақын жерде жинақталған. Ол бір кішкентай карточканы алып, қай ағаштың қай жапырағында болғанын анықтайды: "Бұл үйеңкі жапырағы", ... , ... Содан кейін үлкен карточкадан сол жапырақты іздейді де, оған кішкене жапырақты қояды. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>"Қай көгөністі байқамай қалдық?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Тақырып бойынша сөздік қорын белсендіру, зейіні мен визуалды есте сақтауын дамыту. Барысы: ересек бала қоянды көрсетіп, бүгін оның туған күні екенін түсіндіреді. Қонақтар көптеген сыйлықтар әкелді. Ересек адам қоянның алдына көгөніс сыйлықтар қояды, оларды қатарға қояды. Бір көгөністі атамайды. Бала қай көгөніс жетпейді, соны атайды. (сөйлеуді дамыту)</p> |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | <p>Дене шынықтыру "Ғажап күздің сыйлығы". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз</p> | <p>Дене шынықтыру "Күз қандай?" Мақсат-міндеттері. Балаларда тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру; қиғаш тақтайдың үстімен жүру дағдыларын</p> | <p>Музыка "Себеттегі жемістер". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажыратуды үйрету; дыбыс ұзақтығы туралы ұғым беру;</p> | <p>Дене шынықтыру "Айнала алтын күз". Мақсат-міндеттері. Балалардың бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүру іскерліктерін жетілдіру,</p> | <p>Қазақ тілі "Нан дастарханға қалай келеді?" Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін тыңдауды, тақырып бойынша фонетикалық сөздік ойындарды ойнау барысында ересек адамның өтінішін, сөзін түсіну, нанның дастарқанға келу жолы туралы</p> |

| | | | | | |
|-------------------|--|---|--|--|---|
| | еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және қиғаш тақтайдың үстімен жүру дағдысын жетілдіру. | жетілдіру; гимнастикалық шеңберлермен жалпы дамыту жаттығуларын жасауға ынталандыру; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау. "Әдемі жүреміз" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Түзу сызықтың бойымен жүруді үйрету. | дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; күз сыйы туралы ұғым беру. Дидактикалық ойын: "Дәмінен таны". Мақсат-міндеттері. Жемістердің дәмін ажыратуды үйрету. | тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру, қиғаш тақтайдың үстімен жүру дағдыларын бекіту, ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау. "Орнынды тап" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп ойын ойнауды үйрету, жылдам жүгіру дағдысын дамыту. | білімдерін қалыптастыру. |
| 2- таңғы ас | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз! Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз! Балалар рақмет айтады, тамақтануға кіріседі. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау) | | | | |
| Серуенге дайындық | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуен | Пошташының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту; пошташының жұмысы туралы түсініктерін қалыптастыру; ересектердің жұмысына қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу. Пошташы Күні бойы жол жүріп, Көрген емес болдырып. Қайтады үйге алғысты, Қапшығына толтырып. - Балалар, пошташы деген кім? | Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту арқылы сөйлеу тілінің дамуына үлес қосу; сыпырушының жұмысына қызығушылықты және құрметке тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (белгілі жерге қоқыс жинау). Мақсат-міндеттері. Қоқысты белгілі бір жерге жинау қабілетін дамыту. | «Солып қалған гүлдерді бақылау» (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстырып өтіп, балабақша ауласындағы күзгі гүлдерге назар аударту. Жазғы гүлдер мен күзгі гүлдердің ерекшеліктері, айырмашылықтары туралы әңгімелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары. Мақсат-міндеттері. Қурап қалған гүлдердің тұқымдарын жинау. Балалармен жеке жұмыс. Тақпақ жаттау. | Күзгі жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсініктер қалыптастыруды жалғастыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құлаған жапырақтарды жинау) Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке, еңбек етуге құштарлыққа тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Жоғары | Мысықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Мысыққа тән ерекшеліктер туралы білімдерін кеңейту. Қадыр Мырза Әли "Мысық". Мысық отыр, Ұйқысы әбден қысып отыр, Май берейін, Шайнап отыр, Тышқан берейін, Ойнап отыр! Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (сүрлеу жолды сыпыру). Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Мысық пен тышқан". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Кеңістікті |

| | | | | | |
|--|--|--|--|---|---|
| | <p>- Иә, дұрыс айтасындар, балалар, пошташы хат таситын адам.</p> <p>- Ол дорбасындағы хаттарды әрбір үйдің есігіне немесе хат жәшігіне қалдырып кетеді.</p> <p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды нақты жерге жинау).</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Бірлесіп жұмыс істеуге, істі жалпы күш-жігермен орындауға қол жеткізуді үйрету.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. "Жапырақтың түсуі", "Мен атаған затқа жүгір". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Бір-біріне соқтығыспай жүгіруді үйрену; педагогтің белгісі бойынша тез жүгіруді үйрету; ағаштардың атауын бекіту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Серуен кезінде эмоционалды көңіл күй қалыптастыру.</p> | <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. "Құстар мен жаңбыр". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Ойын кезінде өзара әрекеттесу қабілеттерін дамыту; Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Кеңістікті және уақытты бағдарлауды жақсарту.</p> | <p>Арасында гүлдің, Ойнап бүгін жүрдім Қызыл, жасыл, сары, Әп-әдемі бәрі.</p> <p>Қимылды ойындар. «Абай бол!», «Қайда шылдырлайды?» (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды ептілікке үйрету. Есту қабілеттерін дамыту. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Кеңістікті және уақытты бағдарлауды жақсарту.</p> | <p>қарай секіру", "Шеңбер бойымен". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша жылдам әрекет етуді үйрену; жолдастыққа тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері. "Батыл балалар" ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Жылдам жүгіру жаттығулары, ептілікті дамыту.</p> | <p>бағдарлау іскерліктерін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, алға қарай екі аяқпен секіру дағдыларын бекіту.</p> |
| Серуеннен оралу | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Түскі ас | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. | | | | |
| Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз! | | | | | |

| | | | | | |
|--|---|--|--|--|---|
| | Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз! Балалар рақмет айтады, тамақтануға кіріседі. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау) | | | | |
| Түскі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай туғызу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка) | Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. "Әлди-әлди" әні (музыка) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Етікші» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет) |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | Шаңғы жаттығуы (екі аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созып-жинау, табанды төсек үстіне үйкеу). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Бесін ас | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз! Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз! Балалар рақмет айтады, тамақтануға кіріседі. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау) | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу. "Күз келді". Мақсат-міндеттері. Балаларды "Күз келді" өлеңінің мазмұнымен таныстыра отырып, тақпақты мұқият тыңдауды үйрету; тақпақты жатқа айтатын сөздерін есте сақтап, қайталауға жаттықтыру; тақпақтағы күз мезгілін көркем сөзбен әдемі өрнектеген жолдарына балалардың назарын аударып, мәнін түсіндіру; күз туралы түсінік беру. "Күз кереметтерін тап" ойыны. | Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Күзгі қоректер". Мақсат-міндеттері. Балалардың "оң жақ", "сол жақ", "көп", "біреу" ұғымдарын ажырату дағдыларын қалыптастыру, педагогтің нұсқауы бойынша заттарды жазықтықта орналастыру іскерлігін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, қабылдау қабілетін дамыту. Мүсіндеуден ойын-жаттығу. | Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу. "Себеттегі жемістер". Мақсат-міндеттері. Балаларды жемістің бірнеше түрімен таныстыра отырып, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту; жемістер жайлы түсініктерін жүйелендіруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру; күз сыйының мәнін ашу. "Дәмінен таны" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жемістердің дәмін татып, қандай жеміс екенін дәмінен ажыратуды үйрету. | Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "Жеміс-көгөніс" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың күз сыйлары туралы, көгөністер мен жемістердің өсу ерекшеліктері мен орындары туралы, білім аясын кеңейту. Дидактикалық ойын. "Жеміс-көгөніс". Мақсат-міндеттері. Жемістер мен көгөністердің атауларын бекіту; жемістер мен көгөністерді екі топтамаға бөліп, ажырату тәртібін | Сурет салудан ойын-жаттығу. "Сәбіз". Мақсат-міндеттері. Қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, бір нүктеден қағаз бетінің тіке бойымен доғалы сызық жүргізіп, қайта айналдырып, басталған нүктеге жету білігін жетілдіру, салынып қойған сопақша пішінін қылқалам арқылы қызыл сары бояуға бояу техникасын қалыптастыру; төгілмеуіш пен тіреушені қолдану дағдыларын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейінін, елестету қабілетін дамыту. Саусақ жаттығуы. "Жүрейік, жүрейік". Жүрейік, жүрейік, (саусақтармен үстел бетінде аяқтармен адымдар |

| | | | | | |
|--|--|--|---|--|---|
| | <p>Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліне қатысты суреттер табу. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Ойыншықты тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауды үйрету. (танымдық дағдылар)</p> <p>Вариативті компонент/Шығармашылық</p> <p>"Пеште тандыр нан пісіреміз". Ұжымдық жұмыс. Мақсат-міндеттер. Балалардың нанның қасиеті туралы білімдерін кеңейту; тандыр нан жөнінде ұғым беру; тандыр нанның дөңгелек пішінінің ерекшеліктеріне мән беріп, оның дайындалу жолдарын үйрету. Саусақ жаттығуы. "Нан илейді Нұрай". Нан илейді Нұрай, (саусақтарды жұдырыққа қайта-қайта жинап, қысу) Дөңгелектеп, былай, (жұдырықтарды айналдыру) Томпаң-томпаң, (қос қолды жұдырыққа, "құлыпқа", қысу) Томпақтап, (қос жұдырықты айналдыру) Жалпақ-жалпақ, (алақандарды ашып,</p> | <p>"Күзгі бақшаларға саяхат. Жеміс-көгөністер". Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгіліндегі жеміс пен көгөністер туралы ұғымдар беру, балада сәбздің көгөніске жататыны және күзде пісетіні туралы білімді қалыптастыру. Сергіту сәті. "Жаңбыр жауса - тұрмайық". Жаңбыр жауса - тұрмайық (орында адымдау), Қолға шатыр алайық (аяқтар ұшына тұру, екі қолды жоғары созу, саусақтарды ашып-жұму), Там-там соқса тамшылар (бір қолдың саусақ ұштарымен), Жамылып, отырайық (шоқайып отыру, алақанмен бастың төбесін жабу). (дене шынықтыру)</p> <p>"Нені, қайдан алуға болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Адамға қажетті заттарды тани, талдай білуге, нені қайдан алуға болатынын үйрету, сөздік қорларын байыту. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>Жемістердің атауын қазақ тілінде дұрыс айтуды дағдыландыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> <p>"Ненің төлі жоқ?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Үй жануарлары мен олардың төлдерін ажыратуды, жануарларға күтім жасауға, қамқорлыққа алуға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Зертеу іс-әрекеті</p> <p>Мақсат-міндеттер: Күзгі ағаштардың діңдерін зерттейді.</p> | <p>пысықтау. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Сыңарын тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)</p> | <p>жасап жүргенді көрсету) Көкке қолмен сермейік, (саусақтармен, қанаттар қимылын көрсетіп, қолдарды төменнен жоғары көтеру) Күнге сәлем берейік, (алақандармен жоғарыда бұлғау) Шапалақтап, күлейік. (шапалақтау) (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Кім тез жинайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Көгөністер мен жемістерді айыра білуге, топқа бөле білуге, шапшаңдыққа баулу; тәрбиешіні тыңдай білуге тәрбиелеу. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</p> |
|--|--|--|---|--|---|

| | | | | | |
|-----------------------|--|--|--|---|---|
| | бірін-біріне айкастырып салу) Жалпақтап. (сөйлеуді дамыту) | | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | <p>Күзгі табиғат құбылыстарының ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Күзгі табиғат құбылыстарының ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Бала тілін жаттықтыру. Өртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. Рамазан Тышқанбаев "Жаңбыр". Бұлттар, Тұрмай ауа бер, Жаңбыр бол да, Жауа бер.</p> <p>Жазыққа бар, Тауға бар. Бақшаға бар, Бауға бар. Белес-белес белге бар, Сусап жатқан шөлге бар.</p> <p>Әр тамшыңды үлессін, Шалғын қаулап Гүл өссін! (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p> | <p>"Күзде" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. Бала тілін жаттықтыру. Өртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. Ескен Елубаев "Күзде". Қайтқан құсты көрдің бе, Қаптай ұшқан әуелеп? Күткен күзім келдің бе Сыңсып бағың мәуелеп?</p> <p>Қамба толдық астыққа, Алғыс саған, алтын күз! Бір уыс дән шаштық та, Арба қауын алдық біз! (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>"Дәл осындай гүлді тап" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттегі кескінге ұқсас заттарды табуға жаттықтыру, зейінділікке тәрбиелеу, балалардың сөйлеу тілін қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>"Үй құрылысының ретін көрсет" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Сөздік қорларын жеміс пен көгөніс атауларына толықтыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> |
| Серуенге дайындық | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуен | Серуенге қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Шарларды домалату", "Допты қақпаға түсіру" (3-4 рет ойнатылады). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуеннен оралу | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өздігінен шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Кешкі ас | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. | | | | |

| | | | | | |
|--|--|---|---|---|---|
| | <p>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз! Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз! Балалар рақмет айтады, тамақтануға кіріседі. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)</p> | | | | |
| <p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p> | <p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Логикалық ойындар. Рөлдік еркін ойындар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)</p> | | | | |
| <p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p> | <p>"Ойыншықты тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: кеңістікті бағдарлауды үйрету.</p> | <p>Кеңес. "Саусақ жаттығулары". Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.</p> | <p>Ата-аналарға кеңес. "Отбасындағы сауықтыру шаралары".</p> | <p>"Отбасындағы мерекелерді өткізу дәстүрлері" тақырыбына әңгімелесу.</p> | <p>"Үйде демалысты қалай өткізу керек?" әңгімелесу.</p> |

16.10 - 20.10.2023ж.

| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|--|--|--|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту) | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу | "Демалыс күнін балаңызбен бірге қалай өткізуге болады?" тақырыбында әңгімелесу. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға топ бөлмесінде тәртіп сақтауды үйрету: ойыншықтарды, құрылыс материалдарын орындарына жинау, оларды сындырмау. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға өз қолдарынан келетін еңбек түрлері туралы әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды және тағы басқа туралы естеріне салып отыру. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балалар белгіленген рет бойынша киініп-шешіну дағдыларын меңгеруге бәтеңкесінің бауын байлау, түймелерін түймелеу, киімдерін іліп немесе ұқыптылықпен бүктеп қоюға, үлкендердің көмегімен киімін дер кезінде ретке келтіруге, тазалау, кептіру және тағы басқа іскерліктерін дамыту. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны-аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін дамыту. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үйді өздігінен тазалай білуін, табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білуін қалыптастыру. |
| | ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Апта күндері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Апта күндерін атап, еске сақтауды үйрету. (сөйлеуді дамыту) | "Лото" үстел үсті ойыны (отбасы). Мақсат-міндеттері. Балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу. Әр бала отбасы мүшелерінің киімдерінің фотосуреттерін жинайды, | "Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту. - Балалар, шайды сұйыққа жатқызамыз. Шәйнектен тек шай сұйығы ғана құйылмайды, | Саусаққа арналған жаттығу. "Сәлем". Мақсат-міндеттері. Балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айкастырып кеуделеріне қояды) | "Дойбы" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; байқампаздыққа тәрбиелеу. Ойын мақсат-міндеттері. Қарсыластың фигураларын толық жою немесе жүру жолын бұғаттау. (зияткерлік дағдылар, сөйлеуді дамыту) "Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. |

| | | | | |
|--|--|--|---|---|
| <p>"Нан дастарқанға қалай келеді?" Мақсат-міндеттері. Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу; диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Балабақша ережесін сақтау" тақырыбында әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Балабақшада өзін дұрыс ұстау ережелері туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>бір атаумен біріктіреді. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Біздің үйдегі көмекшілер" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балалардың тұрмыстық техниканы қолдану қағидалары туралы түсініктерін пысықтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. Бізге не көмектеседі? (екі қолдың сұқ саусақтары жоғарыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, бір-біріне түйістіру) Көрсетеді қолғабыс (шаңсорғышпен тазалаған сынай таныту) Кішкентай шаңсорғыш! (қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)</p> <p>Бізге не көмектеседі? (екі қолдың сұқ саусақтарымен алдыға нұсқайды) Біз оны қосамыз, (қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, бір-біріне түйістіру) Тоңазытқышты ашыңыз, (екі қолды уқалау) Салқындап тұр асыңыз! (қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)</p> <p>Бізге не көмектеседі? (екі қолдың сұқ саусақтарымен алдыға нұсқайды) Біз оны қосамыз, (қолымыз алдыда, жұдырыққа түю,</p> | <p>сол сұйықтарды қаншалықты білетіндеріңді көрейік. Педагог балаларға шәйнектен қандай сұйықтың құйылғаны туралы сұрайды. Құралдары: бір-біріне бірнеше ұқсас суреттер: бірінен су құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, бесіншісінен - лимонад. Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады. Сонда құралдар ретінде стақандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Жылдың төрт мезгілінің ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. "Төрт досым". Төрт досым жанымнан өткен: Жаз, күз, қыс және көктем. Ұмытпаймын не бүгін, не ертең: Жаз, күз, қыс және көктем. Д. Ахметова. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Адымдар" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорларын кеңейтуге ықпал ету, тілдерін дамыту. Екі топ бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Екі топтың арасынан бөлу сызығы жүргізіледі.</p> | <p>Үйде және бақшада (екі қолдарын алға жаяды) Тіпті "сәлем" - деймін мен ("Қанаттары" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады) Қасымдағы көршіме. (бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p> <p>"Қарама-қайшылық" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Сөздік қорларын кеңейту, қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолдануды үйрету. Ойын құралы: доп. Тәрбиеші белгілі бір сөзді айтады: мысалы - "ауыр" деген сөзді айтады да бір балаға допты лақтырады. Допты қағып алған бала ауыр затты айту қажет. Жауап бергеннен кейін допты, қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Ойын осылай жалғаса береді. Мысалы: ауыр - тас, жүк; шыны - ыдыс, әйнек және тағы басқа (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Сөздік ойын. «Сиқырлы қалта»</p> | <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жанбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау, жаңбыр! Жау, жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p> <p>Зерттеу іс-әрекеті Құм терапиясы Мақсат-міндеттер: құмның қасиетін анықтай отырып зерттеу жүргізеді.</p> |
|--|--|--|---|---|

| | | | | | |
|---------------------------|--|---|--|--|--|
| | | <p>бір-біріне түйістіру) Шәй ішейік шәйнектен (қолды алдыға сермеу) Ызылдайтын жәй ғана! (қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)</p> <p>Бізге не көмектеседі? (екі қолдың сұқ саусақтарымен алдыға нұсқайды) Біз оны қосамыз, (екі қолдың сұқ саусақтарымен алдыға нұсқайды) Басып қалсаң тетігін, (екі қолдың әр саусағын бір- біріне тигізу) Қайнап кетер тоқ пешім! (қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)</p> <p>Бізге не көмектеседі? (екі қолдың сұқ саусақтарымен алдыға нұсқайды) Біз оны қосамыз, (екі қолдың сұқ саусақтарымен алдыға нұсқайды) Өте пысық үтігім (алақанның сыртқы жағын бір-біріне үйкелеу) Басар киім түтігін! (қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру) (Аударған А. Кокенова) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p> | <p>Әртүрлі тақырыптарды қолдануға болады. Қажет сөзді атап, бір адым жасау керек. Бөлу сызығына бірінші жеткен топ жеңіске жетеді. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>Мақсат-міндеттер: Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға, сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап, дұрыс айтуға жаттықтыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> | |
| <p>Ертеңгілік жаттығу</p> | <p>Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен)</p> <p>1. Бастапқы қалып: аяқ алшак, дене тік, қол төменде</p> <p>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді;</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталаанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқ алшак, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында</p> <p>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді;</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталаанады).</p> | | | | |

| | | | | | |
|---|---|--|---|--|--|
| | <p>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде</p> <p>3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді;</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында.</p> <p>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру, дербес әрекет)</p> | | | | |
| Таңғы ас | <p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.</p> <p>Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p> | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | <p>"Ұннан не жасалады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Танымдық қызығушылықты, ойлауды, көрнекі зейінді дамыту. Барысы: балалар тек ұннан жасалатын тағамдарды атайды. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>"Мамандықты ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы нан өсірумен және өндірумен айналысатын кәсіптер туралы түсініктерін кеңейту, сөздік қорын кеңейту. Барысы: педгог сөйлемді бастайды, балалар аяқтайды (мысалы: комбайнмен жұмыс істейді ... комбайнер және тағы басқа.) (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p> | <p>"Құймақты жай" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Пішінді, көлемді қабылдауды дамыту, балаларды өлшемді өсу (кему) ретімен көзбен анықтай білуге машықтандыру, көзді, визуалды қабылдауды дамыту. Барысы: балалар картада көрсетілген құймақтарды рет-ретімен нөмірлейді (1-ден 10-ға дейін) ең кішісінен үлкеніне дейін және керісінше. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)</p> | <p>"Астық өсірушіге жұмыс істеу үшін не қажет?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың ауылшаруашылық технологиясы, астық өсірушінің құралдары туралы білімдерін бекіту, визуалды қабылдауын, зейінін, есте сақтауын дамыту. Барысы: балалар ауылшаруашылық техникалары мен астық өсірушінің құралдары бейнеленген суреттерді таңдайды. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>"Нан өнімдерін кім көбірек атайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Танымдық қызығушылықты, есте сақтау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту. Барысы: шеңберде тұрған балалар әртүрлі нан өнімдерін атайды; осындай заттардың қазақ тілінде көпшілігін атаған жеңімпаз болады. (танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | <p>Дене шынықтыру "Нанның құдіреті". Мақсат-міндеттері. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге</p> | <p>Дене шынықтыру "Ас - адамның арқауы". Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің белгісі бойынша аяқтың ұшымен және өкшемен жүру, жүгіру, жүгіріп келе</p> | <p>Музыка "Дастарқан көркі — нан" Мақсат-міндеттер. Балалардың музыканы тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын</p> | <p>Дене шынықтыру "Нан бар жерде ән бар". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүру</p> | <p>Қазақ тілі "Алтын күз". Жыл құстары". Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін түсінуге, "күз" сөзін қолданып, септік жалғауларын өзгертуді, қарапайым сөз тіркестерін құрауды, құстардың атын атау дағдыларын</p> |

| | | | | | |
|-------------------|--|--|---|--|---|
| | жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен сенімді жүруге үйрету және допты лақтыру, қағып алу дағдысын жетілдіру. "Чемпион" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға еңіс тақтайдың үстімен жүруді үйрету. | жатып жай жүріске түсу және аяқтың ұшымен денелерін тік ұстап жүру, шеңбер құрау қабілеттерін жетілдіру; бөрененің үстімен сенімді түрде жүру, допты лақтыру және қағып алу дағдыларын дамыту. | қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; нанның қасиеті туралы ұғым беру. Балалардың әнді тындауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілеті мен музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу қабілетін дамыту. Балаларды достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық мәдениетін, оқу қызметіне белсенділіктерін арттыру. | дағдыларын жетілдіру; бөрененің үстімен сенімді түрде жүру; допты лақтыру және қағып алу дағдыларын бекіту. | жаттықтыру. |
| 2- таңғы ас | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау) | | | | |
| Серуенге дайындық | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуен | Күн - жылу мен жарық көзін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Күн - жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау, талқылау, дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу. Зерттеу. Күнге қарап отырып, сұрақтарға жауап беруді ұсыну. - Күнге қарағанда өзіңді қалай сезінесің? - Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме? Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін | Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды желдің қасиеттерін тануға қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру. "Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы. (тыныс алу жаттығуы) Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді. - Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, | Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Ыдысқа құйылған суға қарап, оның айнадай мөлдір екеніне көз жеткізу; судың қозғалуын, ағымын, жерге сіңіп жоғалуын байқатып, өсімдіктердің тамырларына өте қажет екендігін түсіндіру; байқағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару. Су сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, жылы, суық). Су мөлдір, айна ұқсап заттарды бейнелейді. Суды далада ыдысқа құйып қойып, оның бетіне қараса, көк аспан, | "Ауа райын бақылау (бұлтты күн)". (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) "Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау, жаңбыр! Жау, жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерің шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру) | Жерге түскен жапырақтарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу) Мақсат-міндеттері. Балаларға жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы әңгімелеп айту. Олардың түстерін атау. Еңбек: құм салғышты ішіне түскен жапырақтардан тазалау. Балалармен жеке жұмыс: балаларға жұмбақ жасыру. Жазда тұрып жоғары, Күзде жерге қонады. (Жапырақ.) Аспай піскен, Қайнамай піскен. (Жеміс.) "Қойлар мен қойшы" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды бірлікке, татулыққа, ептілікке тәрбиелеу; тәрбиешінің берген белгісіне көңіл аудару білуді үйрету. Қойшы сайланып алады. Қалған балалар қойлар болады. Қойшының құралдарын береді. Қойлар алыста |

| | | | | | |
|--|---|---|---|---|--|
| | <p>күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды. Біраз уақыттан кейін балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылы екеніне көз жеткізеді.</p> <p>Күн көзінде заттың қызатынына қорытынды жасау.</p> <p>Еңбек тапсырмалары: кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жасы кішіге көмектесуге ұмтылуды үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады.</p> <p>Балалар ақсүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.</p> | <p>түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.</p> <p>- Мен "Жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер.</p> <p>- Мен "Жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер.</p> <p>Еңбек әрекеті: ойын алаңына ағаштардан қурап түскен ұсақ бұтақтарды жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберде ойын ережесіне сай бірігіп ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір жағына, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз.</p> <p>Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз.</p> <p>Д. Ахметова.</p> <p>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.</p> | <p>бұлттар, өзіміздің де бейнеміз көрінеді. Суға тастарды салса - түбінде жатқан олар айқын көрінетін болады. Тіпті балықтарды жіберсе, олар нақтылы көрінеді.</p> <p>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Еңбек әрекеті: құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p>"Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Балалар шеңбер құрып отырады, шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойында отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орнына отыруы керек.</p> | <p>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру)</p> <p>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру)</p> <p>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл суару.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Түскен гүл жапырақтарын тырмамен тазалау.</p> <p>"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар балалар болады.</p> <p>"Аю" алаңның бір шетінде ұйықтаған болып отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинағанға ұқсап, "аюға" қарай жүреді.</p> <p>Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен.</p> | <p>жайылып жүреді, қойшы алыстан бақылап тұрады.</p> <p>Тәрбиеші:</p> <p>"Қойшы шықты ертемен, Қойларын бағып далаға. Қойлар маңырайды, Сонан соң жамырайды," - деген кезде қойлар жан-жаққа жамырайды. Ал қойшы оларды жинап, қораға әкеліп қамайды. Басқа қойшыны сайлайды. Ойын 3-4 рет қайталанады.</p> <p>Дене шынықтыруға арналған ойындар.</p> <p>Бақылау: «Солып қалған гүлдерді бақылау»</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстырып өтіп, балабақша ауласындағы күзгі гүлдерге назар аударту.</p> |
|--|---|---|---|---|--|

| | | | | | |
|-----------------|--|---|---|---|--|
| | <p>"Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ақсүйекті іздендер, кім жылдам табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге жылдам әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақсүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Жабдығы: ақсүйек. "Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Қабырғаға өрмелеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту. Өз бетінше еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған материалмен ойындар. "Шеңберге дәлде". Мақсат-міндеттері. Нысанаға дәлдеп тигізуге жаттықтыру.</p> | <p>Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. "Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу.</p> | <p>Қуғыншы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. "Кім мәреге жетеді?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Белгіге дейін қос аяқпен және бір аяқпен секіру техникасын дамыту; шыдамдылыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.</p> | <p>Теріп-теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді естіген "аю оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, оларды ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолды тигізу болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады. "Түстерді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша түстерді тауып, белгілі қимылдарды орындауға бейімдеу. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.</p> | |
| Серуеннен оралу | Балалардың киімдерін дұрыс шешу, шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Таза сумен Арман, | | | | |

| | | | | | |
|--|---|--|--|---|--|
| | Беті-қолын жуды. Оған қарап Балжан, Суға қолын созды. | | | | |
| Түскі ас | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| Түскі ұйқы | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау, тыныштандыратын әуен қосу. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. "Алтын жұмыртқа" ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет) | Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Жалқау мысық» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет) | Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка) |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан ояғанда бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Балалар төсекте арқамен жатып, қолын жанына созады, демдерін еркін шығарады. 2. Балалар төсекте арқамен жатып, қолды екі жаққа созады, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастырады, демалады. 3. Балалар төсекте арқамен жатып, қолдарын бастарына қойып, кезекпен сол аяқтарын, оң аяқтарын көтереді, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіреді. 4. Балалар төсекте арқамен жатып, қолдарын жанына ұстап, аяқтарын көтеріп "велосипед" тебеді Төсектен тұрғызу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Бесін ас | Үстел үстіндегі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Еркежан әжей нан пісирді" атты суреттер сериясы бойынша әңгімелеу. Мақсат-міндеттері. Балаларда нан туралы қарапайым ұғымдарды қалыптастыру, нан тақырыбына қатысты қарапайым фразаларды педагогтің соңынан қайталап айтуға | Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Әженің бауырсақтары". Мақсат-міндеттері. Балалардың "зат біреу немесе көп" деген өлшем бірліктерін ажырату, дене мүшелерінің орналасуын суреттеу, оларды өз бойынан (денесінен) табу іскерліктерін қалыптастыру; кеңістікте бағдарлау, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ | Сурет салудан ойын-жаттығу "Тандыр нан". Мақсат-міндеттері. Фломастерді үш саусақпен ұстап, тандыр бейнесінде алдын ала салынып қойған шағын дөңгелек үстің тіке және көлденең сызықтармен, шақпақ етіп, дөңгелек сырты аясын ұсақ дөңгелектер арқылы безендіру техникасын жаттықтыру; элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты | Құрастырудан ойын-жаттығу "Еркежан әжейдің түрлі бауырсақтары". Мақсат-міндеттері. Балаларды құрастыру материалы қағаз қасиеттерімен, жұмырлау, илеу амалдарымен таныстыру; қағаз бөлігін жыртып алып, саусақтармен жұмырлап, алақандар арасына түйіршіктеп, | Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Күз кереметі". Мақсат-міндеттері. Балаларды күз кереметтерімен таныстыра отырып, күз айының ерекше табиғи қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; адамның табиғатқа қамқорлық қатынасының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. Дидактикалық ойын: "Күз аруының көйлегін безендір". Мақсат-міндеттері. Жапырақтармен әрлеуді дағдыландыру. (жапсыру) |

| | | | | |
|---|---|---|--|--|
| <p>жаттықтыру; ойындар барысында қарапайым диалогтарға, сұраққа жауап айтып, қатысуға үйрету. "Сен не істедің?" сөздік жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Нан өнімдері түрлерін танып, қазақ тілінде дұрыс атауды үйрету. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> <p>Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Ақ бидай". Мақсат-міндеттері. Балаларды бидаймен таныстыра отырып, бидай дақылын өсіру туралы түсініктерін кеңейту; бидай жайлы білім беруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру; бидай өсімдігінің қасиеті мен маңызы жөнінде мағлұмат беру; «Ас атасы – нан» ұғымын бекіту. "Қандай тағам?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Тағам түрлерін танып, қазақ тілінде дұрыс атауды үйрету. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> | <p>моторикасын, ой-өрісін дамыту. "Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың мезгілдік табиғат құбылыстары жайлы білімдерін бекіту; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту. Барысы. Педагог барлық жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылысты, жыл мезгілін табуға міндетті. Балаларды өз жауаптарын бір сөзбен ғана емес, сондай-ақ құбылыстың не себепті болғанын түсіндіру. (сөйлеуді дамыту) "Тоқаштар". Мақсат-міндеттері. Тоқаштардың бояу. (сурет салу) Зертеу іс-әрекеті Мақсат-міндеттер. Ауаны зертей отырып, оның қасиетін анықтайды.</p> | <p>ескере отырып, ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен пішін мен түстерді қабылдау, зейін мен елестету қабілетін дамыту. Саусақ жаттығуы "Нан илейді Нұрай". Нан илейді Нұрай, (саусақтарды жұдырыққа қайта-қайта жинап, қысу) Дөңгелектеп, былай, (жұдырықтарды айналдыру) Томпақ-томпақ, (қос қолды жұдырыққа, "құлыпқа", қысу) Томпақтап, (қос жұдырықты айналдыру) Жалпақ-жалпақ, (алақандарды ашып, бір-біріне айкастыру) Жалпақтап. Сюжетті-рөлдік ойын. "Асхана". Мақсат-міндеттері. Балалардың асханада жұмыс жасайтын мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері жайлы білімдерін, әдептілік ережелерін меңгеруді, қоғамдық орындардағы тамақтану әдебін, оларды сақтауға ынталануды бекіту; еңбекті құрметтеуге, әдептілік негізінде қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Асхана жиһаздары (үстел, орындықтар), асхана қызметкерлерінің киім үлгілері мен (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері). Барысы. Алдымен, педагог</p> | <p>айналдырып, илеп, шарлар тәрізді денелерді, бауырсақтарды жасап шығаруды үйрету. Құрылыс нәтижесімен ойнату. (құрылыс, сөйлеуді дамыту) "Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайылыққа, ізгілікке, адалдыққа баулу. Қажетті құралдар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, тағам түрлерінің ойыншықтары, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер. Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру. Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары тұтынушылар. Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рақмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушы да өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат</p> | <p>"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту. Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға: - Алуа қуыршағына жаңа жиһаз сатып алды, бірақ ол оны бөлмеге қалай қою керектігін білмей тұр. Оған жиһаз қоюға көмектесейік. Тәрбиеші балалармен бірге үстелді ортаға қояды. Үстелдің қажеттілігі туралы, балалардан сұрайды. Мысалы, "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз. Қуыршақ үстел басында тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар айтып береді. Вариативті компонент/Әлеумет "Құстар" фермасы ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға құс фермасы жөнінде мағлұматтар беру; құс фермасындағы фермерлердің еңбегімен таныстыру; "фермер" ұғымы туралы білімдерін кеңейту; үй құстарының атауларын жатқа білуге үйрету; ойынның шарты мен ережелерін сақтауға дағдыландыру.</p> |
|---|---|---|--|--|

| | | | | | |
|--|--|--|---|--|--|
| | | | <p>балалармен аспаздың адамдар (тұтынушы) үшін түрлі тағамдар әзірлеу жұмысы жайлы әңгімелеседі. Суреттер көрсетеді, педагогикалық жағдаяттарды шешеді. Алдымен, педагог балалармен бірге белгілі тағамдар тізімін, ас мәзірін құрастырады. Ол үшін педагог пен балалар кешкі уақытта журналдардан ойында пайдаланатын түрлі тағамдардың фотосуреттерін қиып алады. Педагог адамдар келгенше жұмысшылардың жұмысын бақылауда ұстайды (балалардың орындарында отырып). Барлық тағамдар дайын болғаннан кейін балаларды (тұтынушыларды) ас бөлмесіне шақырады. Келушілерге даяшы ас мәзірін ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз ас әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға асты әкеліп, "төлем" қабылдайды. Балалар "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жана сөздерді айту керек. Педагог ойын барысын өзі түзетеді, қосымша сұрақтар қояды, балалардың әрекетін белсенді болуын қадағалайды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдар дәмді, әсем безендірілген тағамдардан дәм тату үшін, асхана жұмысшылары тынбай еңбектенеді; "рақмет", "өтінемін" сөздерін қолдану, дастарқан басында шуламау, асты дұрыс шайнау, асхана құралдарын дұрыс қолдану,</p> | <p>білдіреді. Бірінші ойыншық дүкенін ұйымдастыру. Ойыншық сөресінің жанына үстел қойылып сөреде «Дүкен» деген жазу ілулі тұрады. Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш. Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын төлейді. Не алғысы келетінін айтады. Кассир чек жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Сатушы «тағы да келіп тұрыңыз» - дейді. Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды.</p> | |
|--|--|--|---|--|--|

| | | | | | |
|-----------------------|---|---|--|--|--|
| | | | <p>адамның қоғамдық орындарда ережелерді орындау негізгі міндеттері.</p> <p>"Тәтті қамыр" Мақсат-міндеттері. Тәтті қамырдан тоқаштарды жасау. (мүсіндеу)</p> | | |
| Балалармен жеке жұмыс | <p>Артикуляциялық жаттығулар. Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>"Жауын" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. Күз мезгілінде табиғи құбылыстардың ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. Төленді Нұрмұхамедов "Жауын". Қызыл отты қамшысы Көкке жаркыл шашады, Еркебұлан тамшысы Домаланып қашады.</p> <p>Жаңбыр жауып өтеді: Қуанады сарғалдақ. Дала жайнап кетеді, Бір шомылып алғанда-ақ!</p> | <p>Артикуляциялық жаттығулар. Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>"Таңертең" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. Тәулік бөліктері туралы әңгімелесу. Сұрақтар қою. Балалардың сұрақтарға толық жауаптарын талап ету. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. Қастек Баянбаев "Таңертең". Ерте тұрғым келмейді, Бірақ тағы тұрамын. Көзім түк те көрмейді, Естімейді құлағым. Суды ағызып ақырын, Жуған болам бетімді. Кешегі көп ақылым Кеміп қалған секілді. Бала баққа бүгін де Барғым келе қоймайды. Жақсы көрем үйімде Кейде жеке болғанды. Бірақ үйден шығамын Қол ұстасып көкеммен. Ашылып көз-құлағым, Бала баққа жетем мен. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>Жұмбақ жаттау. Мақсат-міндеттері. Жұмбақтардың шешімін табу. Әр жұмбақтың суреттері болу керек. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p> |
| Серуенге дайындық | <p>Серуенге жиналу кезінде балаларға белгілі бір реттілікпен киюді түсіндіру. Ауладағы қауіпсіздік шараларын түсіндіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p> | | | | |

| | | | | | |
|---------------|--|--|---|--|--|
| <p>Серуен</p> | <p>Күн - жылу мен жарық көзін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Күн - жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау, талқылау, дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу. Зерттеу. Күнге қарап отырып, сұрақтарға жауап беруді ұсыну. - Күнге қарағанда өзіңді қалай сезінесің? - Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме? Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды. Біраз уақыттан кейін балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылы екеніне көз жеткізеді. Күн көзінде заттың қызатынына қорытынды жасау. Еңбек тапсырмалары: кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу. Мақсат-міндеттері. Жасы кішіге көмектесуге ұмтылуды үйрету,</p> | <p>Желді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды желдің қасиеттерін тануға қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру. "Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы. (тыныс алу жаттығуы) Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді. - Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз. - Мен "Жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер. - Мен "Жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер. Еңбек әрекеті: ойын алаңына ағаштардан қурап түскен ұсақ бұтақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. "Өткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене</p> | <p>Суды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Ыдысқа құйылған суға қарап, оның айнадай мөлдір екеніне көз жеткізу; судың қозғалуын, ағымын, жерге сіңіп жоғалуын байқатып, өсімдіктердің тамырларына өте қажет екендігін түсіндіру; байқағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару. Су сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, жылы, суық). Су мөлдір, айна ұқсап заттарды бейнелейді. Суды далада ыдысқа құйып қойып, оның бетіне қараса, көк аспан, бұлттар, өзіміздің де бейнеміз көрінеді. Суға тастарды салса - түбінде жатқан олар айқын көрінетін болады. Тіпті балықтарды жіберсе, олар нақтылы көрінеді. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Еңбек әрекеті: құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау. Мақсат-міндеттері.</p> | <p>"Ауа райын бақылауды жалғастыру (бұлтты күн)". (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) "Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау, жаңбыр! Жау, жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерің шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру) Тарс-түрс! Тарс-түрс! (екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру) Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл суару. Мақсат-міндеттері. Түскен гүл жапырақтарын тырмамен тазалау. "Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай, такпақ сөздерін</p> | <p>Жерге түскен жапырақтарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу) Мақсат-міндеттері. Балаларға жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы әңгімелеп айту. Олардың түстерін атау. Еңбек: құм салғышты ішіне түскен жапырақтардан тазалау. Балалармен жеке жұмыс: балаларға жұмбақ жасыру. Жазда тұрып жоғары, Күзде жерге қонады. (Жапырақ.) Аспай піскен, Қайнамай піскен. (Жеміс.) "Қойлар мен қойшы" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды бірлікке, татулыққа, ептілікке тәрбиелеу; тәрбиешінің берген белгісіне көңіл аудару білуді үйрету. Қойшы сайланып алады. Қалған балалар қойлар болады. Қойшының құралдарын береді. Қойлар алыста жайылып жүреді, қойшы алыстан бақылап тұрады. Тәрбиеші: "Қойшы шықты ертемен, Қойларын бағып далаға. Қойлар маңырайды, Сонан соң жамырайды," - деген кезде қойлар жан-жаққа жамырайды. Ал қойшы оларды жинап, қораға әкеліп қамайды. Басқа қойшыны сайлайды. Ойын 3-4 рет қайталанады. Дене шынықтыруға арналған ойындар. Бақылау: «Солып қалған гүлдерді бақылау» Мақсат-міндеттері. Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстырып өтіп, балабақша ауласындағы күзгі гүлдерге назар</p> |
|---------------|--|--|---|--|--|

| | | | | | |
|--|---|---|--|--|-----------------|
| | <p>еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақсүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ақсүйекті іздендер, кім жылдам табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге жылдам әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақсүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала</p> | <p>шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберде ойын ережесіне сай бірігіп ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір жағына, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Өткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. "Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы.</p> | <p>Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. "Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойында отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орнына отыруы керек. Құғыншы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. "Кім мәреге жетеді?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Белгіге дейін қос аяқпен және бір аяқпен секіру техникасын дамыту; шыдамдылыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.</p> | <p>айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар балалар болады. "Аю" алаңның бір шетінде ұйықтаған болып отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинағанға ұқсап, "аюға" қарай жүреді. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді естіген "аю оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, оларды ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолды тигізу болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады.</p> | <p>аударту.</p> |
|--|---|---|--|--|-----------------|

| | | | | | |
|---|---|--|--|---|--|
| | <p>жеңімпаз аталады. Жабдығы: ақсүйек. "Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Қабырғаға өрмелеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту. Өз бетінше еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған материалмен ойындар. "Шеңберге дәлде". Мақсат-міндеттері. Нысанаға дәлдеп тигізуге жаттықтыру.</p> | <p>(дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу.</p> | | <p>"Түстерді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша түстерді тауып, белгілі қимылдарды орындауға бейімдеу. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.</p> | |
| Серуеннен оралу | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Кешкі ас | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | <p>"Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Күз мезгіліне байланысты әндерді үйрету. (музыка) Өнер бұрышында ұннан жасалған тағамдар түрлерін жасау, сурет салу, бояу. (мүсіндеу, сурет салу, жапсыру) Рөлдік еркін ойындар. "Бауырсақ" ертегісін сахналау. (көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Ертегі мазмұның балалардың естеріне түсіріп, сұрақтарға толық жауап берулерін қадағалау. Тіл байлықтарын дамыту. Театр өнеріне машықтандыру, дауыс ырғағын өзгерте отырып, кейіпкерлердің дауысына сала білуге үйрету. Ойын барысы. Автор: "Ерте-ерте-ертеде шал мен кемпір тұрыпты. Бір күні шал кемпіріне айтады." Шал (1-бала): "Кемпір-ау, маған бауырсақ пісіріп берші." Кемпір(2-бала): "Неден пісірейін? Ұн жоқ қой."</p> | | | | |

Шал: "Әй, кемпір, қойманың түбін қырып көрсен. Бір бауырсақ пісіретін үн табылар."

Автор: "Кемпір солай істеді. Қойма түбін қырып-қырып екі уыс үн табады да. Қаймақ қосып, қамыр илейді. Бауырсақты майға пісіріп, терезе алдына суытуға қояды. Жата-жата жалыққан бауырсақ терезе алдынан домалап түсіп, жолға шығып, домалап кетеді. Жолда домалап келе жатса, алдынан қоян шығады."

Қоян(3-бала): "Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!"

Бауырсақ(4-бала): " Жоқ, сен мені жеме, қоян, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші."
"Әже қойма қырғаған,
Екі уыс үн жинаған,
Қаймаққа илеген,
Майға пісірген,
Терезе алдына суытқан,
Бауырсақпын домалақ!
Атадан кеттім,
Әжеден кеттім,
Қоян сенен де кетемін!"

Автор: "Бауырсақ алға қарай домалап кетеді, қоян қалып қояды. Бауырсақ орман ішінен домалап келе жатқанда алдынан қасқыр шығады."

Қасқыр(5-бала): "Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!"

Бауырсақ: "Жоқ, сен мені жеме, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші."
Бауырсақтың әні.
Автор: "Бауырсақ домалап кетеді. Қарсы алдынан қорбандап аю шығады."
Аю(6-бала): "Әй, бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!"

Бауырсақ: "Жоқ, сен мені жеме, мен өлең айтып беремін, тыңдап көрші."
Бауырсақтың әні.
Автор: "Бауырсақ домалап кетеді, аю қалып қояды. Бауырсақ зымырап келе жатса, алдынан түлкі шыға келеді."
Түлкі(7-бала): "Амансың ба, бауырсақ! Көргендерге ұнайсың, қандай әдемісің!"

Автор: "Бауырсақ қуанып, өлеңін айта бастайды. Түлкі болса тындаған болып, білдірмей бауырсаққа жақындап отырады."
Бауырсақ: "Әже қойма қырғаған,
Екі уыс үн жинаған,
Қаймаққа илеген,
Майға пісірген,
Терезе алдына суытқан,
Бауырсақпын домалақ!
Атадан кеттім,
Әжеден кеттім,
Қоян сенен де кетемін!"

Түлкі: "Әдемі өлең екен! Айналайын, бауырсақ, мен қартайдым, құлағым естімейді ғой. Кәне, менің тұмсығыма отырып, өлеңді тағы бір айтып берші."
Автор: "Бауырсақ мақтағанға мәз болып, түлкінің тұмсығына шығып, өлеңін айта бастағанда, түлкі бауырсақты «ап!» деп жеп қояды."

Балалардың үйге қайтуы
(ата-аналарға кеңес)

Кеңес.
"Баланың бос уақытын

"Үлкендерге құрмет"
тақырыбында әңгімелесу.

Ата-аналарға кеңес.
"Қыңырлықты түзеу жолдары".

Ата-аналарға арналған
сауалнама.

Ата-аналармен жеке әңгімелесу.
Көзге арналған түзету

| | | | | | |
|--|--------------------|--|--|---|---------------|
| | тиімді пайдалану". | | | "Отбасындағы саламатты өмір салтының шарттары". | гимнастикасы. |
|--|--------------------|--|--|---|---------------|

23.10 - 27.10.2023ж.

| Апта күндері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|--|--|---|----------------------------|--|--|
| Балаларды қабылдау | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту) | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу | "Балалар неге әртүрлі?" тақырыбында әңгімелесу; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны-аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін дамыту. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға, шкафтарда тәртіпті сақтау, шанды сүрту. | 25 қазан - Республика күні | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көгөністерді жуу; астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салуды үйрету. | "Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңдеріңді түріңдер, матаны сулап құрғатындар, лас болған кезде шайыңдар. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту. |
| | ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстарды суреттеуді | "Құс қайда?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Қыстайтын құстар мен қоныс аударатын құстарды тану, оларды дұрыс атай білу қабілеттерін қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту) "Гүл дүкені" дидактикалық ойыны. | | "Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш. Мақсат-міндеттері. Балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Бұлттар құстай ұшады, (қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, | Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларға қимылдарды мәтін жолдарына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, елестету, ойлау қабілетін дамыту. Шаршы бұрышын құрайық, Саусақ ұштарын қосайық. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. |

| | | | | | |
|--------------------|--|--|--|---|--|
| | <p>үйрету және оларды ажырата білу. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Сақина" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізушіні" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Жүргізуші балаларға: "Сақина, ортаға шық!" - деп айтады. Сол сәтте алақанында сақинасы бар бала: "Сақина менде!" - деп дауыстап, орнынан атып тұрады. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</p> | <p>Мақсат-міндеттері. Түстерді ажырата білу, тез атау, басқалардың арасынан қажетті гүлді табу қабілеттерін бекіту; балаларға өсімдіктерді түсі бойынша топтастыруды, әдемі гүлшоқтарын жасауды үйрету. Барысы: үстелде әртүрлі пішіндегі түрлі түсті жапырақшалары тұрады. Балалар өздеріне ұнаған жапырақшаларын таңдап, олардың түсін атайды және таңдалған жапырақшаларға түсі бойынша және пішіні бойынша сәйкес келетін гүлді табады. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Зерттеу іс-әрекеті Тақырыбы: Тас Мақсат-міндеттер: Тастың қасиетін зерттейді, сипаттайды.</p> | | <p>құстың ұшқанына еліктеу) Құстар бұлттай ұшады, Көк аспанда, биікте, (аталған қимылдарды, қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау) Қанат жайып, ұшады. Бұлттар құстай болмайды, (саусақпен бұлғау) Құстар бұлттай болмайды. Бұлттар құстай бұтаға (қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Қанат жайып қонбайды. (саусақпен бұлғау) Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>"Лото "Құстар"" үстел ойыны. Мақсат-міндеттері. Құстарды топтастыруға және жалпы атауларын атауға дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй және жабайы құстардың суреттері бойынша. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> | <p>Төрт бұрыштар жиналып, Бір пішінге құрылды. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Үстел үсті ойыны. "Суретті құрастыр". Мақсат-міндеттері. Бөлшектерден тұтас бір бөлікті құрастыруға дағдыландыру; балалардың қабылдауын, байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. (сөйлеуді дамыту)</p> |
| Ертеңгілік жаттығу | <p>"Қуыршақпен ойнаймыз". Бастапқы қалып тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде. 1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру (Зрет). 3-4 бастапқы қалып. Аяқ алшақ, қуыршақ алда. 1-2 денені оңға, солға бұру, бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: қуыршақты кеудеде ұстау. 1-4 алға еңкею - "Қуыршақтар билейді". 5-6 бастапқы қалыпқа келу (Зрет). Бастапқы қалып 1-2- отырып қуыршақты еденге қою. 3-4 тік тұру, Қуыршақпен оңға, солға айналу (2 реттен). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</p> | | | | |
| Таңғы ас | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|--|--|---|---|
| | <p>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p> | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | <p>"Артығын тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Әр мезгілдің ерекше белгілері туралы білімдерін, өз ойларын нақты жеткізе білу қабілеттерін нығайту; есту зейінін дамыту. Барысы: педагог мезгілді "Күз" деп атайды. Педагог жыл мезгілдерінің белгілерін тізбектейді (құстар жылы жаққа қарай ұшады, ағаштарда жапырақтар сарғаяды; үлпілдек ақ қар жауады). Балалар қосымша белгіні атайды және өз таңдауын түсіндіреді. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, достарым, келіңдер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. Шақырамын сендерді, Жолдастарым, кел бері, Толтырайық шаттыққа, Дөңгеленген шеңберді. (сөйлеуді дамыту)</p> | | <p>"Біздің жердің құстары" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларда біздің жерде қыстайтын және жыл құстары, олардың әдеттері, сыртқы түрі, қоректенуі, тіршілік ету ортасы туралы жалпылама түсінік қалыптастыру; құстарды сыртқы түріне қарай ажыратып, суреттерден табуды үйрету; туған жердің табиғатына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>"Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырат" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Құстар туралы білімдерін толықтыру; жыл құстары мен қыстайтын құстарды бір-бірінен ажырату іскерліктерін жетілдіру. Барысы: балаларға жыл құстары және қыстайтын құстар бейнеленген суреттер ұсынылады. Магниттің көмегімен жыл құстарын магниттік тақтаның бір жағына, ал қыстайтын құстарды екінші жағына жапсырады. (сөйлеуді дамыту)</p> |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | <p>Дене шынықтыру "Торғай секіреді". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; алға жылжи отырып, екі аяғымен секіруге үйрету және допты аяқпен</p> | <p>Дене шынықтыру "Екі аяқпен секіреміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды әртүрлі бағытта жылдам және баяу қарқынмен жүгіру дағдысын қалыптастыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілеттерін жетілдіру; балаларды алға жылжи отырып, екі аяғымен секіруді үйрету.</p> | | <p>Дене шынықтыру "Торғай секілді секіреміз". Мақсат-міндеттері. Балалардың бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүру іскерліктерін жетілдіру; алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және допты аяқпен қысып ұстап, отырып-тұрып домалату дағдыларын бекіту.</p> | <p>Қазақ тілі "Күзгі жаңбыр". Мақсат-міндеттері. Қазақ тілінде жаңбыр түрлерінің атауларын атауды үйрету; егістіктер мен көсемше, зат есімдердің көмегімен жаңбырдың жауғанын, жапырақтардың түсуін білдіретін сөз тіркесін құрауды үйрету.</p> |

| | | | | | |
|-------------------|--|--|--|--|---|
| | қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату дағдысын жетілдіру. | | | | |
| 2- таңғы ас | "Ас тұрған жерде - ауру тұрмайды" мақал-мәтелін қайталап, уақтылы және дұрыс тамақтанудың артықшылықтарын еске түсіру; дастарқан басында арқаларын көтеріп, тік отыру керектігін ескерту; ас құралдарын дұрыс қолдануларын қадағалау; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| Серуенге дайындық | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтәңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | | | | |
| Серуен | <p>Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Ағаштар мен бұталардың тірі табиғат екені туралы білімдерін бекіту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Ағаштар қыстан қалай шыққанын тексеру. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды. - Балалар, ағаштарға қарап не айтуға болады? - Тағы қандай өзгерістер болады? - Ағаштар ауаны ластанудан тазалайды. Сол үшін адамдар ағаштарды көп отырғызады. «Өз ағашыңды тап» қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Табиғатты аялауға тәрбиелеу; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру; зерек болуға тәрбиелеу. "Допты қуып жетіндер!" қимыл-қозғалыс ойыны.</p> | <p>Құстарды бақылау (көгершін). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Көгершіннің сыртынан танып, оны өзге құстардан ажыратуды үйрету; құстар туралы жалпы түсініктерін пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. Педагог көгершіннің ерекшеліктерін анықтау үшін, оны торғаймен салыстыруына болады. "Не, қайда мекендейді?" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың аң-құстардың, үй жануарларының тіршілігі туралы түсініктерін пысықтау; сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін; дүниетанымын кеңейту. Құралдар: аң-құстарды, үй жануарларының және мекендерінің суреттері. Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау.</p> | | <p>Құстарды бақылау (қарлығаш). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қарлығашты сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы түсініктерін пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. Қарлығаш - бейбітшілік пен берекенің символы. Қарлығаш күзде жылы жаққа ұшады, ал көктемде қайта қайтып келеді. Бұл құс жазда ұя салып, балапандарын ұшуға үйретеді. - Қарлығаш басқа құстарға қарағанда ерекше құс. Басы мен денесі, қанаттарының түсі қара, ал кеудесі ақ. Қарлығаштың құйрығы айыр. Қарлығаштың ұшқаны да ерекше: ол реактивті ұшақ сияқты жоғарыға жылдам көтеріліп, төмендеу түсіп, ұзақ ұшып жүреді. Қарлығаш ұясын жарғас қуыстарына, жағалаудағы жарға, үйдің шатырына сазбалшықтан салады. Қарлығаш адамға жақын болады. Еңбек әрекеті: жапырақтар жинау. Мақсат-міндеттері. Табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру.</p> | <p>Құстарды бақылау (торғай). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Торғайдың сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуды үйрету; құстар туралы жалпы мағлұматтарын пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. "Торғай". Торғай, торғайсың, Жылдамсың, сондайсың, Шырылдап қоймайсың, Ұшасың, талмайсың. Шомылып ал шалшыққа, Қона ғой біздің баққа. Д. Ахметова. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан кейін таңдалған баланың бірі сомдай алады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды. Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" сөздері</p> |

| | | | | | |
|--|--|---|--|---|---|
| | <p>(дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың доппен ойналатын ойындарға қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жетуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың бойына тұрғызып, қай баланың атын атайды, сол бала педагог домалатып жіберген допты жылдам қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді. 2-3 балаға дейін атап шақыруға болады. Еңбек әрекеті: өскіндері суару. Мақсат-міндеттері. Балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. Балалардың еркін ойындары.</p> | <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды бірлесе жұмыс істей білуге баулу. "Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Бұл ойынға қанша бала болса да, қатыса беруге болады. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен, "қар...", - дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. Құралдары: екі түрлі таңбалауыштар:</p> | | <p>"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартының белгілеріне сай қимылдауды жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан кейін таңдалған баланың бірі сомдай алады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды. Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты!" Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" сөздері айтылады. Екінші белгі: "Түн батты! Жапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соқтықпай жүгіріп жүру керек. Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады. Құралдары: ойыншыларға таңбалауыштар, "жапалаққа" маска. "Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Дәлдікке, ептілікке бейімдеу, бір қолмен қапты көлденең нысанаға лақтыру жаттығуына</p> | <p>айтылады. Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" болып айтылады. Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек. Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Кім қозғалып қойса соны "жапалақ ұясына алып кетеді". Келесі жолы басқа жапалақты таңдайды, ойын әрі қаарй жалғасады. Құралдары: ойыншыларға таңбалауыштар, "жапалаққа" маска. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіретін жолының бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар сызықтарды баспай, алға секіруді үйренеді. Еңбек әрекеті: ауланы сыпыруға көмектесу. Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын тақырыбын өздеріне таңдауды үйрету. Балалардың еркін ойындары.</p> |
|--|--|---|--|---|---|

| | | | | | |
|---|---|--|--|--|---|
| | | қаршығалар мен қарлығаштар. "Допты қақпаға домалат" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Допты домалатып, доғаға өткізуге жаттықтыру; ептілікке, дәлдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Құралдары: доптар, доға. Балалардың еркін ойыны. | | машықтандыру. Құралдар: құм салынған қаптар. Балалардың еркін ойыны. | |
| Серуеннен оралу | Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бөтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйелі шешуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; колдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| Түскі ас | Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз! Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз! Балалар алғыс айтады, тамақтануға кіріседі. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| Түскі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау (мәдени-гигиеналық дағдылар). | Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка) | | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Мұрагер» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Бір үзім нан» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет) |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | "Мейірімді мысық" (белді бүгіп, басты жоғары көтеру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру) | | | | |
| Бесін ас | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі. Ас ішерде күнде біз Сөйлемейміз, күлмейміз! Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз! (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, | Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Ақ үйрек, сары үйрек". Мақсат-міндеттері. | Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Құстар неге сөйлемейді?" Мақсат-міндеттері. | | Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Қарлығаш". Мақсат-міндеттері. Балаларды | Сурет салудан ойын-жаттығу "Көлде жүзген үйрек". Мақсат-міндеттері. Балаларды көлде жүзіп жүрген үйректің айналасына |

| | | | | | |
|---|---|--|--|---|---|
| <p>бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p> | <p>Балалардың "зат біреу немесе көп" деген өлшем бірліктерін, сол және оң жақты, түстерді ажырату іскерліктерін жетілдіру, құстарды топтастыру, бөлу операцияларын пысықтау; есте сақтау, кеңістікті бағдарлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, ақыл-ойды дамыту.</p> <p>"Құстарды сұлбасы бойынша таны" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың қыстайтын және жыл құстары туралы білімдерін бекітуге үлес қосу, сұлбасы бойынша құстарды тануды үйрету. Барысы: балаларға құстардың сұлбасы ұсынылады. Балалар құстарды анықтап, оларды жыл құстары немесе қыстайтын құс деп атайды. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Ұшты-ұшты" жаттығуы. Тілдің дыбыстық мәдениеті. [ш] дыбысы." Мақсат-міндеттері. Балаларды [ш] дыбысының айтылу мәдениетіне үйрету; әңгімелесу, ойындар</p> | <p>Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, құстардың өзіндік ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру; ертегіні тыңдау кезінде әр құстың өзіндік қасиетін эмоциялық сезіммен қабылдай білуге үйрету. "Жыл құстарын тап" ойыны. Мақсат-міндеттері. Жыл құстарына жататын құстардың суреттерін тауып атау. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> <p>"Кім не жейді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Құстардың қоректенуі туралы балалардың білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстарының айырмашылығы туралы білімдерін бекіту; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту; қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту. Барысы: екі шеңберде әртүрлі тамақ түрлері: тары, дәндер, нан үгіндісі, итмұрын, жидек, қоңыз, құрт, алма суреттері тұрады. Балалардың міндеті - қыстайтын және жыл құстарына қоректерді бөлу. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Жұмбақтардың шешімін табу".</p> | | <p>қарлығаштың сыртқы бейнесімен таныстыра отырып, қарлығаш туралы түсініктерін кеңейту; қарлығаштың тіршілігін бақылау дағдысын қалыптастыру; жыл құстары туралы түсінік беру. Қарлығаш туралы көркем сөздер арқылы балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен ойлау қабілетін және тануға, білуге деген құштарлығын дамыту. "Қандай құс?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Құстардың атауын атап, сипаттау. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>"Үш аю" ертегісін баяндау. Мақсат-міндеттері. Ертегіні мұқият тыңдауға, ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету. (көркем әдебиет)</p> <p>"Түрлі-түсті моншақтар" ойыны. Балаларға геометриялық пішіндерді ауызша нұсқауларға сәйкес дұрыс орналастыруды</p> | <p>қағаз бойымен көлденең созылған, бірнеше көк түсті ұзын толқынды жолақтарды салу амалымен таныстыру; жыл құстары жөнінде мағлұматтарды толықтыру. Саусақ жаттығуы. «Балапан». Балапаным, балапан, Қайда кеттің ауладан? (сұқ саусақпен бұлғау) Суға бірге барайық, (шапалақтау) Саған бидай шашайық! Бидай шоқып, тоқ-тоқ-тоқ, (үстел бетін саусақтармен соққылау) Қанатыңды қақ-қақ-қақ. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Серуендеуге барайық" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларда әр мезгілге арналған киімдерді таңдау қабілеттерін дамыту, киім элементтерін дұрыс атауды "үйрету, "киім", "аяқ киім" туралы жалпылаушы ұғымдарды бекіту, өзгелерге қамқорлық қатынасты тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Жапсырудан ойын-жаттығу "Торғайды жаңбырдан жасырайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды қағаз бетіндегі дайын торғай пішіні үстіне бұлттан төмен қарай "аққан" тамшыларды жапсырып, жаңбырлы күні шатыр астында отырған торғай туралы сюжеттік аппликация үлгісін жасауды үйрету. Саусақ жаттығуы. Құстар ұшып барады (алақандарды ашып-жинау), Қанаттарын кең жайып (алақандарды ашып-жинау). Торғай бізбен қалады (алақандарды бірін-біріне қосу, қысу),</p> |
|---|---|--|--|---|---|

| | | | | | |
|-----------------------|---|---|--|---|---|
| | <p>барысында жыл құстарының атауын атап, күз мезгілінде жылы жаққа ұшу құбылысы жөнінде мағлұматтар беру.</p> <p>Вариативті компонент/Шығармашылық "Қарбыздың бөлігі". Мақсат-міндеттер. Балаларға күз мезгіліндегі адам еңбегінің түрлері туралы ұғым беру; жеміс пен көгөністер жөніндегі дүниетанымын кеңейту; қарбыздың жидектер тобына кіретінін тәжірибе арқылы дәлелдеу. Саусақ жаттығуы. "Дөңгелек". Дөңгелек пішіндер өте көп: Алма, апельсин, картоп, Адамның басы дөңгелек, Дөңгелек екен ойыншық доп.</p> | <p>Мақсат-міндеттері. Құстарға байланысты жұмбақ жасыру, балалардың ойлау қабілетін дамыту. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Теңге ілу». Шарты. Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезегі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.</p> | | <p>үйрету. (математика негіздері)</p> | <p>Бақылап ауа райын (алақандарды бірін-біріне қосу, қысу). (Соңғы екі жол екі рет қайталанады)</p> <p>- Кел, торғайым, мұңайма (саусақтарды өзіне қарай бұлғау, "шақыру"), Жылытайық бойыңды (алақандарды өзара уқалау). Бізден босқа сұрама (алақандарды өзара уқалау), Жазда қалған ойынды (шапалақтау). (Соңғы екі жол екі рет қайталанады) (сөйлеуді дамыту)</p> |
| Балалармен жеке жұмыс | <p>Жаңылтпаштар айтқызу. Атам бақ аралады, Ағам тал аралады. Асан көл жағалады,</p> | <p>Артикуляциялық жаттығулар. Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығу</p> | | <p>Жаңылтпаштар айтқызу. Қулық таудан, Қулық бие көрдім. Қуанғаным, құлындапты,</p> | <p>Бала тілін дамыту. "Сауысқан" (ел аузынан) Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан.</p> |

| | | | | | |
|-------------------|--|--|--|---|---|
| | <p>Асыл ат тағалады.</p> <p>Шырағым шұбат іш, Шұбатты сұрап іш. Шұбатты ішпесең, Бітпейді бұла күш. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту. (сөйлеуді дамыту)</p> | | <p>Қулық таудың Қойнауындағы Қорқауларға ұрынбапты.</p> <p>Сырттағы ит үрді, Сырттан кісі кірді. Сырттағы біреу, Сыпырып кетті кірді. (сөйлеуді дамыту)</p> | <p>Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қиқандатқан сауысқан. (сөйлеуді дамыту)</p> |
| Серуенге дайындық | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтешесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуен | <p>Ағаштар мен бұталарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Ағаштар мен бұталардың тірі табиғат екені туралы білімдерін бекіту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Ағаштар қыстан қалай шыққанын тексеру. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды. - Балалар, ағаштарға қарап не айтуға болады? - Тағы қандай өзгерістер болады? - Ағаштар ауаны ластанудан тазалайды. Сол үшін адамдар ағаштарды көп отырғызады. «Өз ағашыңды тап» қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Табиғатты аялауға тәрбиелеу; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру; зерек болуға тәрбиелеу.</p> | <p>Құстарды бақылауды жалғастыру (көгершін). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Көгершіннің суретін танып, өзге құстардан ажыратуды машықтандыру; құстар туралы жалпы түсініктерін пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. Педагог көгершіннің ерекшеліктерін анықтау үшін, балаларға оны торғаймен салыстыруды ұсынуына болады. "Не, қайда мекендейді?" дидактикалық ойыны. (сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың аң-құстардың, үй жануарларының тіршілігі туралы түсініктерін пысықтау; сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін, дүниетанымын кеңейту. Құралдар: аң-құстарды, үй жануарларының және</p> | | <p>Құстарды бақылауды жалғастыру. (қарлығаш). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қарлығашты сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы түсініктерін пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. Қарлығаш - бейбітшілік пен берекенің символы. Қарлығаш күзде жылы жаққа ұшады, көктемде қайтып келеді. Бұл құс жазда ұя салып, балапандарын ұшуға үйретеді. - Қарлығаш басқа құстарға қарағанда ерекше құс. Басы мен денесі, қанаттарының түсі қара, ал кеудесі ақ. Қарлығаштың құйрығы айыр. Қарлығаштың ұшқаны да ерекше. Ол реактивті ұшақ ұқсап жоғарыға жылдам көтеріліп, төмендеу түсіп, ұзақ ұшып жүреді. Қарлығаш ұясын жартақ қуыстарына, жағалаудағы жарға, үй ішіне сазбалшықтан салады. Қарлығаш адамға жақын болады. Еңбек әрекеті: жапырақтар жинау. Мақсат-міндеттері. Табиғатты</p> | <p>Құстарды бақылауды жалғастыру (торғай). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Торғайдың сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы түсініктерін пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. "Торғай". Торғай, торғайсың, Жылдамсың, сондайсың, Шырылдап қоймайсың, Ұшасың, талмайсың. Шомылып ал шалшыққа, Қона ғой біздің баққа. Д. Ахметова. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын шартына сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан кейін таңдалған баланың бірі сомдай алады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды. Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|---|
| | <p>"Допты қуып жетіндер!" кимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың доппен ойналатын ойындарға қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жетуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың бойына тұрғызып, қай баланың атын атайды, сол бала педагог домалатып жіберген допты жылдам қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді. 2-3 балаға дейін атап шақыруға болады. Еңбек әрекеті: өскіндері суару. Мақсат-міндеттері. Балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. Балалардың еркін ойындары.</p> | <p>мекендерінің суреттері. Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштардан түскен бұталарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды бірлесе жұмыс істеуге баулу. "Қаршыға мен қарлығаш" кимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай, ереже бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Бұл ойынға қанша бала болса да қатыса беруге болады. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар...", - дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың</p> | | <p>қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру. "Жапалақ" кимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай кимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ кимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды. Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" сөздері айтылады. Екінші белгі: "Түн батты! Жапалақ аңшылыққа шықты!" болып айтылады. Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек. Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұясына ұстап әкетеді". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын әрі қарай жалғасады. Құралдары: ойыншыларға таңбалауыштар, "жапалаққа" маска. "Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Дәлдікке, ептілікке бейімдеу, қапты</p> | <p>шымшықтар алаңда!" сөздері айтылады. Екінші белгі: "Түн батты! Жапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" болып айтылады. Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек. Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Кім қозғалса, соны "жапалақ ұясына алып кетеді". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады. Құралдары: ойыншыларға таңбалауыштар "жапалаққа" маска. "Сызықты баспа" кимыл жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар сызықтарды баспай, алға секіруді үйренеді. Еңбек әрекеті: ауланы сыпыруға көмектесу. Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын тақырыбын өздері таңдауды үйрету. Балалардың еркін ойындары.</p> |
|--|--|--|--|--|---|

| | | | | | |
|--|--|---|--|--|--|
| | | ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. Құралдары: екі түрлі таңбалауыштар: қаршығалар мен қарлығаштар. "Допты қақпаға домалат" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Допты домалатып, доғаға өткізуге жаттықтыру; ептілікке, дәлдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Құралдары: доптар, доға. Балалардың еркін ойыны. | | көлденеңінен тұрған нысанаға бір қолмен лақтыруға жаттықтыру. Құралдар: құм салынған қаптар. Балалардың еркін ойыны. | |
| Серуеннен оралу | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өзі шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Кешкі ас | Тағамның атауын есте сақтауды, тамақ ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау) | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативтік дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында құстардың бейнесін жасау. Топпен жұмыс, жеке жұмыс. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) "Біз құсты іздейміз" ойыны. Мақсат-міндеттері. Бақылау, кеңістікті бағдарлауды дамыту. Тәрбиешінің қолында кішкентайдың құстың ойыншығы бар. Тәрбиеші құсты жасырады. Балалар оны іздеулері қажет. - Қанекей, балалар, ойынды бастаймыз. Көзімізді жұмамыз. Мен ойыншықты жасырамын. Ойыншықтар атауын қазақ тілінде дұрыс атау. - Енді, балалар, ойыншықты іздеп табындар. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Еркін рөлдік ойындар. "Не жетіспейді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Қызығушылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу; сөйлеуді дамыту. Барысы: балаларға құстарға не жетіспейтінін айту керек." (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау) | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) | "Отбасымен серуендеу" тақырыбында көрме ұйымдастыру. | Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру. | | "Музыка және балалардың психикалық денсаулығы" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру. | "Баланың жүйке жүйесін қорғаңыз" тақырыбында әңгімелесу. |

